

ҚОҒАМ

«ДІНИ БАР ДА,
ҰЛТЫ ЖОҚ»

4-бет

ЗЕРДЕ

БАТЫРБЕК ДАТҚАНЫҢ
БОЛЫС ҰЛДАРЫ

6-бет

РУХАНИЯТ

КЕҢГІР-ТҰРА
ТАРИХТА БОЛҒАН

7-бет

ДИДАР

КОРЕЯНЫ КӨРКІМЕН
ТАМСАНДЫРҒАН АРУ

8-бет



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Рождество мерекесімен ҚҰТТЫҚТАУЫ

Қымбатты қазақстандықтар!

Еліміздің православие христиандарын Рождество мерекесімен құттықтаймын!

Тарихы көне ғасырлардан бастау алатын бұл мейрам азаматтарды адамгершілік, мейірімділік және бауырмалдық сияқты мәңгілік құндылықтардың қадір-қасиетін терең ұғынуға шақырады.

Конфессияаралық келісім – мемлекетіміздің табысты дамуының маңызды факторларының бірі. Біз елімізді мызғымас береке-бірліктің рухына сәйкес өркендетіп, болашаққа нық қадам басып келеміз.

Қазақстан қоғамының ажырамас бөлігі саналатын православие христиандары тәуелсіздігімізді нығайтуға мол үлес қосуда. Біз халқымыздың әл-ауқатын арттыру үшін бірге қажырлы еңбек ете береміз.

Барлық православие христиандарына амандық және бақ-береке тілеймін!

Елімізде әрдайым бейбітшілік пен бірлік болсын!

7 қаңтар, 2020 ж.

КӨКЕЙКЕСТІ

Ауыл бюджетін аяққа тұрғызу маңызды

Биылдан бастап еліміздегі барлық ауыл дербес бюджет жүйесіне көшті. Тиісті заңда Жергілікті өзін-өзі басқарудың дербес бюджеті мен коммуналдық меншігін 2018 жылдан бастап халық саны 2 мыңнан асатын ауылдық округтер деңгейінде, ал 2020 жылдан бастап барлық жерде енгізу қарастырылған.

Фарида БЫҚАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Ауылдағы өзін-өзі басқарудың жаңа деңгейі қандай болмақ? Дербес жеке бюджетпен жұмыс істейтін ауылдар дайындығы облыстық әкімдіктің көшпелі отырысында қаралған болатын. Көшпелі отырыс елімізге өркеніетті дамыған ауыл ретінде танылған Успен ауданы Галицкое ауылында өтті. Өткен жылы біздің өңірде де тұрғындарының саны 2000 адамнан асатын 32 ауылдық округтің жеке бюджеті қалыптасып, олар өз қаржыларын ауыл игілігіне жаратуға мүмкіндік алды. Тірек ауылдар санатына алынған осы ауылдық аумақтарда 140 мың адам тұрады. Жаңа жылдан бастап көшпелі жиын өткен Галицкое ауылының әкімдігі де төртінші деңгейлі бюджет түріне көшеді.



Ауылдық аумақтар дербес бюджет жүйесі бойынша екінші жыл қатарынан жұмыс істеп келеді. Басты мәселе – табыс көзінің аз болуы.

– Егер 2018 жылы табыс көзінің көрсеткіші 9,8 пайызды құраса, 2019 жылы 8,6 пайызға азайды, – деді облыс әкімінің орынбасары

Әлия Арынова. Ол бұл көрсеткіш 1 пайызға дейін төмендейтінін айтты. Себебі – еліміздегі салық заңнамасына енгізілетін өзгерістерге байланысты. Көлік салығын төлеу мерзімі ауысып, шағын бизнес иелері табыс салықтарынан босатылды. 2020 жылғы көлік салығы 2021 жылы ғана

төленетін болғандықтан, ауылдық бюджеттер 400 миллион теңгеден астам қаржыдан қағылады. Бизнеске жасалған жеңілдікке байланысты ауылдық бюджеттердің шығыны 150 миллион теңгеге дейін жетеді.

(Соңы 2-бетте)

МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

Тұз тағылары тыным бермей тұр

Қыс келіп, күн суыта бастағандан-ақ тұз тағыларының шаруаларға тыным бермейтін әдеті. Әулиеатаның қары қалып, қысы аса қатал болмаса да бұл мезгілде ит-құстың ашығатыны бар. Мұндайда тұз тағысы төрт түлік малға тұтқиылдан келіп ауыз салады. Әсіресе қыстауда отырған малшылар үшін бұл – бас ауыртатын мәселелердің бірі. Қыстан қалай шығудың қамын күйтеп жүрген шаруаларға мұның онай тимейтіні анық.

Хамит ЕСАМАН,
«Egemen Qazaqstan»

Бүгінгі таңда Жамбыл облысы, Сарысу ауданының қыстаудағы шаруаларын да аймақта қасқырлардың көбейіп кетуі алаңдатып отыр. Бір шаруаның өзінен жыл басынан бері ірілі-ұсақты 11 мал шығып болған екен. Яғни, Досбол ауылындағы «Әбдісаттар» шаруа қожалығының 7 бас жылқысын және 4 бас сиырын қасқыр тартып кеткен. Бұдан өзге де мал шығындары бар. Бұл, әрине, мал шаруашылығымен айналысып, сол арқылы күн көріп отырған малшыларға оңай емес. Дегенмен, жергілікті әкімдік шаруаларға көмек қолын созып, ит-құспен күресуде пәрменділік танытуда.

«Бүгінде аудандағы Жайылма, Игілік, Жаңаталап ауылдық округтеріне қарасты 25 шаруашылық, кейіннен Досбол ауылдық округтеріне қарасты 22 шаруашылық, барлығы 47 шаруашылықтың қыстауларында жағдай зерделенді. Ауылдардағы



47 шаруашылықта 1979 мүйізді ірі кара, 16211 уақ мал, 1037 жылқы, 730 түйе қысқа түскен. Малдың қоңы жақсы. Кей жерлерде жантақ пен изен қалып. Шаруашылықтар қысқа қажетті мал азығымен қамтылған. Енді шаруаларды алаңдатып отырған мәселе – ит-құстың көбейіп кетуі. Бір шаруадан жылдың басынан бері ірілі-ұсақты 11 мал шығып болған», дейді Сарысу ауданының әкімі Қанатбек Мәдібек. Әкімнің айтуынша, күн суытқалы бері тай-тулақтан бөлек, ту биелер де ит-құсқа жем болып жатыр екен. Осы орайда Қанатбек Мәдібек заң талаптарына сай тиімді жоспар құру қажеттігін, себебі бұл

малдан бұрын адамға қауіпті болуы мүмкін екенін айтады. Жалпы, бүгінде аудан бойынша 168 шаруа малмен елді мекендерден тыс жерлерде отыр екен. Қазіргі таңда бір ғана Досбол ауылдық округіне қарасты шаруа қожалықтарының бірталайының малы ит-құсқа жем болған. «Досбол ауылдық округінде 27 шаруа қожалығы тіркелген болса, бүгінде оның 19-ы жұмыс істейді. Биыл маңайда ит-құс көбейіп, малға шабуылдауы, қораға түсуі жиілеуде.

Атап айтар болсақ, қыс басталғалы бері «Нұрлан» шаруа қожалығы бойынша 2 жылқы, 3 мүйізді ірі кара, 5 қой, «Әбдісаттар» шаруа қожалығы бойынша 7 жылқы,

4 мүйізді ірі кара, «Ержан» шаруа қожалығы бойынша 2 мүйізді ірі кара, «Қалау» шаруа қожалығынан 3 жылқы, 12 қой, «Еркебұлан» шаруа қожалығынан 2 жылқы, 1 қой, «Таңат-84» шаруа қожалығынан 3 қой, «Қанат-2014» шаруа қожалығынан 6 қой шығып болған», дейді Досбол ауылдық округінің әкімі Нұрлан Молдабеков. Бір ғана ауыл үшін бұл аз шығын емес. Тұрғындар үшін де тұз тағыларының қауіпті болуы заңдылық. Расында да, ит-құс малдан бөлек, адамға да аса қауіпті. Жыртқыштар жан бағу үшін адамның өзіне шабуылдаудан тайынбайды.

(Соңы 4-бетте)

Атаулы әлеуметтік көмек тағайындауда қандай өзгеріс бар?



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауында АӘК алу жүйесін ашық, әділ және ең бастысы еңбекке жұмылдыруға ықпал ететін жүйеде құруды тапсырған болатын. Сонымен бірге аз қамтылған отбасылардың балаларына арналған кепілдендірілген әлеуметтік пакет енгізуді де жүктелді. Осыған орай Парламент депутаттары атаулы әлеуметтік көмекті тағайындаудың жаңа ережесін бекітті.

Думан АНАШ,
«Egemen Qazaqstan»

Биыл 1 қаңтардан бастап төрт және одан да көп баласы бар отбасыларға жеке жәрдемақы беріледі. Ескерерлігі, бұл санаттағы отбасылардың балалары кәмелет жасына толмаған немесе 23 жасқа дейінгі күндізгі оқу бөлімінің студенті болуы шарт. Бұл жәрдемақы отбасының кіріс деңгейіне қарамастан беріледі.

Атап айтқанда, төрт балаға – 42 496 теңге, бес балаға – 53 127 теңге, алты балаға – 63 757 теңге, жеті және одан да көп баласы бар отбасыларға 74 388 теңге жәрдемақы тағайындалды. Сондай-ақ Батыр ана, «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен немесе «Ана данқы» орденімен марапатталғандарға ай сайын 16 967 теңге төленеді.

Сонымен бірге атаулы әлеуметтік көмек биылдан бастап тоқсан сайын тағайындалады. Бұл атаулы әлеуметтік көмек кірісі отбасының әр мүшесіне шаққанда күнкөріс минимумының 70 пайызынан төмен болған жағдайда беріледі. Яғни, биыл күнкөріс минимумы 31 183 теңге болып белгіленген ескерсек, аталған соманың 70 пайызы 21 828 теңге болуы тиіс. Атаулы әлеуметтік көмек табысы төмен барлық отбасына тағайындалады. Яғни, аталған санаттағы көп балалы отбасылар балалардың жәрдемақысымен бірге АӘК те ала алады.

АӘК алатын отбасылардың балалары кепілдік берілген әлеуметтік топтамаға ие болады. Айталық, 1 жастан 6 жасқа дейінгі табысы аз отбасылардың балалары азық-түлік жиынтығымен және гигиеналық құралдармен, 6 жастан 18 жасқа дейінгі балалар мектептерде ыстық тамақпен, оқу құралдарымен және мектеп киімдерімен қамтамасыз етіледі, сондай-ақ олардың мектепке дейінгі жол жүру шығындары өтеледі.

(Соңы 3-бетте)



Депутаттар ел арасында

Парламент Сенатының депутаттары Нұрлан Бекназаров пен Айгүл Қапбарова жұмыс бабындағы сапармен Шымкент қаласында болып, әкімдікте қала тұрғындарын қабылдады, деп хабарлады Парламент Сенатының баспасөз қызметі.



Қабылдау барысында тұрғын үймен және жұмыспен қамту, жер кезегі, заңсыз құрылыс жайы талқыланды. Сенаторлар қабылдауға келген азаматтарға үй, жер проблемалары бойынша тек кезекпен, заң жүзінде шешілетінін түсіндірді.

Сенаторлар азаматтардың арыздары назарда болатынын жеткізді.

Депутаттар сол күні халықты жұмыспен қамту орталығында болып, оның жұмысымен танысты, сондай-ақ атаулы әлеуметтік көмекке байланысты ақпараттық-түсіндіру жұмысын өткізді.

Мамандардың айтуынша, Шымкентте атаулы әлеуметтік көмек алуға құжат тапсыру 2020 жылдың 5 қаңтарында басталды. Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының қызметкерлері 4 аудан бойынша АӘК-ті белсенді алушылардың алфавит бойынша кестесін әзірлеген болатын. Бұл кесте халық арасында тиісті түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін аудан әкімдіктерінің тиісті бөлімдеріне жолданды.

Депутаттар елімізде атаулы әлеуметтік көмек берудің қолданыстағы жүйесін өзгерту туралы заң қабылданғанын, енді мемлекет бірінші кезекте балаларға және көп балалы отбасыларға көмектесетіні туралы айтты.

Сенат депутаты Сәуле Айтпаева Алматыдағы №1 қазақ мемлекеттік гуманитарлық-педагогикалық колледжінің ұжымымен кездесті.

С.Айтпаева кездесу барысында Сенат депутаттарының Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты халыққа Жолдауында берген тапсырмаларын орындау барысы туралы ұстаздар қауымын хабардар етті.

Оқытушылар Парламент депутаттары қабылдаған «Педагог мәртебесі туралы» жаңа Заңға назар аударды, онда еңбекақыны арттыру, педагогикалық шеберлігі үшін қосымша ақы енгізу, педагогтерді өзіне тән емес функциялардан босату, педагогтердің әлеуметтік мәртебесін арттыруға мүмкіндік беру көзделген болатын.

Сәуле Айтпаева сонымен қатар ауыр қылмыстар жасауға, әсіресе көмелетке толмағандарға, педофилияға, адам саудасына қатысты, жыныстық зорлық-зомбылық жасауға байланысты қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасын қатайтуға бағытталған басқа да жаңалықтар туралы айтып берді.

Мәжіліс депутаттары Ирина Аронова, Әлия Сапарова, Қуаныш Сұлтанов, Иван Клименко аймақтарға сапары аясында Қостанай облысындағы Әуликөл ауылының тұрғындарымен кездесті, деп хабарлады осы палатаның баспасөз қызметі.



Депутат Қуаныш Сұлтанов атап өткендей, сапардың басты міндеті – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауының басым бағыттарының жүзеге асырылуына, сондай-ақ аудан тұрғындарының проблемаларына тағы бір рет назар аудару.

Әуликөл бастауыш мектеп-интернатының ұжымымен депутаттар «Педагог мәртебесі туралы» Заңның қабылдануына байланысты мұғалімдер мен тәрбиешілерге қатысты өзгерістерді талқылады. Депутаттардың айтуынша, жаңа заң мұғалімдердің кәсіби қызметіндегі құқықтарын мен міндеттерін егжей-тегжейлі сипаттайды және мұғалімдерді материалдық қамсыздандыру, ынтылдандыру шаралары мен әлеуметтік кепілдіктер туралы нормаларды қамтиды.

Кездесуде сонымен қатар міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру және атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау мәселелері де көтерілді.

Мәжілістің Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің хатшысы Ирина Аронованың айтуынша, өткен жыл, әсіресе, әлеуметтік салаға қатысты заң жобаларына басым берумен ерекшеленді. Ал Иван Клименко бүгінде депутаттар денсаулық сақтау жүйесіндегі тарифтік саясатты аймақтың ерекшеліктерін, көлік логистикасын ескере отырып жетілдіру бағытында жұмыс істеп жатқандығын атап өтті. Әлия Сапарова болса, Жастар жылының қорытындыларына тоқталды.

МӘМС: өз мәртебесін анықтауға үш ай уақыт беріледі

Халқымыз үшін биылғы жылдың басты жаңалығының бірі – міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудың (МӘМС) енуі. 1 қаңтардан бастап енгізілген жүйе медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын жақсартуға бағытталғаны белгілі. Кеше Президент жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде жаңа жүйеге арналған баспасөз мәслихаты өтті.

Майгүл СҰЛТАН,
«Egemen Qazaqstan»

«1 қаңтардан бастап Денсаулық сақтау министрлігі міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру деген үлкен жобаны іске қосты. Енді медициналық қызметтер екі пакетке бөлінеді. Бірінші пакет – тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК). Мұны барлық қазақстандық тегін пайдалана алады. Екіншісі – МӘМС пакеті. Мұнда бұрын ақылы, қымбат болған компьютерлік томография, МРТ, оналту шаралары, қымбат медициналық қызметтер мен дәрі-дәрмектер сақтандырылған азаматтарға ғана тегін болады. Қызмет ақысы сақтандыру қоры арқылы жабылады», деді Денсаулық сақтау вице-министрі Олжас Әбішев.

1 сәуірге дейін елдің барлық тұрғыны шартты түрде сақтандырылған болып саналады және

олар ТМККК пакеті мен МӘМС пакетіне кіретін медициналық қызметтерді тегін ала алады. Осы кезеңде азаматтар өздерінің сақтандыру мәртебесін анықтап, міндетті медициналық сақтандыру жүйесінің қатысушысы болуы керек. Яғни, үш ай ішінде Telegram-бот арқылы өз мәртебесін тексере алады. «Бірінші кезекте сақтандыру мәртебесін тексеріп алу керек. Осы жылдың наурыз айының соңына дейін барлық азамат медициналық көмектің кепілдендірілген көлемінде сақтандырылған болып саналады, бірақ соған қарамастан әркім өзінің сақтандыру мәртебесін тексеріп алуы тиіс. Егер азамат сақтандырылмаған болып шықса, банк жасап шығарған төлем терминалдары арқылы жүйеге жылдам кіруге болатын тетіктер бар», деді «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ басқарма төрағасы Айбатыр Жұмағұлов.

Оның айтуынша, 2020 жылға арналған медициналық қызметтерді сатып алуда 1277 медициналық қызмет көрсетушілер қатысқан, олардың 678-і мемлекеттік ұйым (53%) болса, 599-ы жекеменшік (47%). Процентерді оңтайландыру және ашықтықты арттыру, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін және әкімшілік кедергілерді азайту үшін медициналық қызметтерді сатып алу электронды цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, сандық форматта Қаржы министрлігінің Электронды қаржы орталығының веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Жалпы, әлеуметтік медициналық сақтандыру енгізілген кезеңде, денсаулық сақтау жүйесінің бюджеті медициналық көмектің көлемін 1,5 есеге ұлғайта отырып, 2020 жылы 1,6 трлн теңгені құрайды.

Сонымен, амбулаториялық-емханалық көмекті қаржыландыру көлемі 2020 жылы 78%-ға 740,9 млрд теңгеге дейін ұлғаяды, бұл алғашқы медициналық-санитарлық көмекті қаржыландыру арқылы халықты профилактикалық шаралармен толық қамтуды қамтамасыз етеді.



Құрметті отандастар!

Қазақстан халқы Ассамблеясы православие христиандары мен барша қазақстандықтарды жарқын мейрам Рождество мерекесімен құттықтайды!

Бұл мереке адамды жақсылық пен мейірімділікке һәм сүйіспеншілікке шақыратын рухани қасиеттердің салтанат құратын шағы. Ұлы дала елі түрлі ұлт пен ұлыс өкіліне аса құрметпен қарап, сыйласуымен қашан да ерекшелене білген.

Бұл күндері ғасырлар қойнауынан жеткен рухани құндылықтар, мызғымас достықтың дәстүрі мен өзара құрметі еліміздегі тұрақтылықтың әрі дамуын жарқын көрінісі. Православие христиандары қазақстандық қоғамның айрықша бөлігі, ал Қазақстанның Орыс Православие шіркеуі жалпыұлттық бірлік пен келісімнің нығаюына зор үлес қосуда.

Баршаңызды қайырымдылық пен мейірімділікке үндетін мерекеміз құттықтаймын! Зор денсаулық, жақсылық пен береке-бірлік тілеймін!

Мереке әрбір үйге, әр отбасына шуағын шашып, қуаныш пен игілік әкелсін!

Қазақстан халқы Ассамблеясы

Әуе қатынасы туралы келісімге қол қойылды

Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев пен Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы әуе қатынасы туралы келісімге қол қойылды.

Қазақстанның Үкіметі тарапынан келісімге Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Бейбіт Атамқұлов, ал Америка Құрама Штаттарының Үкіметі тарапынан АҚШ-тың Қазақстандағы Төтенше және

өкілетті елшісі Уильям Х. Мозер қол қойды.

Осы Келісім Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) әуе көлігін одан әрі либерализациялау жөніндегі ұсынымдарына сәйкес «ашық аспан» қағидаттарын көздейтін

Қазақстан Республикасы үшін бірінші құжат болып табылады. Бұл Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары арасында бұшуды орындауды жоспарлайтын тасымалдаушылар үшін зор мүмкіндіктер ашады. Келісімнің аясында тараптардың тасымалдаушыларына ауа еркіндігінің «бесінші дәрежесі» беріліп, межелі мекендердің және жиіліктердің саны бойынша шектеу қойылмайды.

Келісім екі ел арасындағы тікелей тұрақты рейстерді орындау үшін құқықтық базаны

қалыптастырады әрі Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы стратегиялық әріптестікті одан әрі дамытуға ықпал ететін болады.

Екі ел арасындағы тікелей рейстердің ашылуы саяси, экономикалық, мәдени өзара қарым-қатынастар мен туризмді дамытуға, сондай-ақ «Астана» халықаралық қаржы орталығының көліктік қолжетімділігін арттыруға септігін тигізетін болады.

«Егемен-ақпарат»

КӨКЕЙКЕСТІ

Ауыл бюджетін аяққа тұрғызу маңызды

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әлия Арынованың айтуынша, 2020 жылғы бюджет көлемі 7,6 млрд теңге шамасында. Оның ішінде өз кірістері 229,5 миллион теңге, оның 50 пайызға жуығы әлеуметтік салаға бағытталады. Дербес бюджетпен ауылдық аумақ әкімдеріне жергілікті басқару тетігі берілгендіктен, олар ауыл қауымдастығымен ақылдасып, ауылды көркейтудің басым бағыттарын анықтап отыруға тиіс.

Бюджет қаражатын игеру маңызды мәселе, маңызды шешім делік. Бірақ осы маңызды шешімдерді қабылдайтын адамдардың жауапкершілігі, бюджет қаржысының бөлінуі мен игерілуін бақылайтын тұрғындардың құзыреті қандай деген сұрақтар да ойланады.

– Аудан орталықтарында 2020 жылы жеке кіріс көлемі 11 миллион теңге көлемінде болмақ, – дейді Ә.Арынова. Оның айтуынша, кірістің ең азы Аққулы ауданында – 1,4 миллион теңге шамасында. Тереңкөл, Ергіс аудандарының кірісі 20 миллион теңге төңірегінде. Май ауданы Майтүбек ауылдық аумағының кірісі 100 мың теңгеге де жетпейді. Тіпті ауылдарда айыппұлдан түскен кіріс облыс бойынша небәрі 149 мың теңгені құрайды. Мысалы, Баянауыл ауданында 14 ауылдық аумақ бар, 12 ауылдағы халық саны 2000 адамнан да аз. Сондықтан дербес бюджетті енгізу аудан орталығы Баянауыл ауылында, Майқайың кенті әкімдігінде жүргізілуде.

Ал бюджеттің төртінші деңгейіне өту – ауылға тиімді. Мәселен, тіркелмеген нысандар саралаудан өтіп, салықтық және салықтық емес түсімдер есебінен ауыл бюджеті артап. Жергілікті халықтың өзі табысты болуға қатысса онда билікке деген сенім қалыптасады. Яғни, ауыл, кентті басқаруға белсенді қатысады.

Ауылдың бюджеті әкімдердің қарамағындағы мүлікті жалға беруден, ерікті алымдардан, қайырымдылық және демеушілік журналдардан, айыппұлдар мен сыртқы жарнама орналастыру төлемдерінен құралады. Ол үшін ауыл әкімдерінің білігі мен білімі жоғары деңгейде болуы қажет. Сол себепті әкімдерді қаражатты жоспарлау және жұмсау, салық жинау, мемлекеттік сатып алу жүзеге асыруда арнайы оқыту курстары, бюджетті жоспарлау, атқару және коммуналды мүлікті пайдалану жайында сауатты басқаруға үйрету, оқыту қажет болды. Облыс әкімі Болат Бақауовтың тапсырмасымен облыстағы әр ауылдық аумақ әкіміне, қазынашылық, экономика және бюджетті жоспарлау, қаржы, мемлекеттік кіріс органдарына аудан, қалалар бекітіліп берілген. Тіпті ватсап желісінде арнайы чат құрылып, сұрақ қоюға мүмкіндік жасалған. Былтыр дербес бюджетті болған 32 ауылдың 5-еуі әр ай сайын бөлінген қаржыны тиімді игеріп, бюджеттің кіріс бөлігін де орындап отырған. Төмен көрсеткіш аудан орталықтары Баянауыл, Көктөбе ауылдық аумақтарында тіркеліпті.

Облыстық тексеру комиссиясының басшысы Айнагүл Құрманова Ақтоғай мен Аққулы аудандарына жүргізілген тексеріс нәтижелеріне орай жалпы, ауылдарда жиналған кірістің аз болуы жоспарлаудың тиімді пайдалануынан дейді. Егер ауылдық әкімдіктер берілген ескертулер мен ұсынымдарды ескерсе, қателер қайталанбауға тиіс.

Ал кірісті көбейту үшін неістеу керек? Облыс әкімі кірісті көбейту үшін ауыл әкімдері коммуналдық мүліктерді тиімді пайдаланулары қажет екенін айтты. Жалпы, 6,8 млрд теңгенің коммуналдық меншігі ауылдық әкімдіктерге өткізілген. Нәтижесінде 5 жылжымайтын мүлік пен 3 көлік бәсекелес ортаға беріліп, ауылдардың бюджетіне 16,7 миллион теңге түскен. Бұған өңірдегі 200 орта мектепті қосыңыз. Оқушы саны аз ауылдардағы 2-3 қабатты мектептер қыс бойы жылытылады. Мектептердің бос тұрған бөлмелерін қажетті жағдайларға пайдалану қажеттігі ең әуелі ауыл әкімдерін ойландыруы керек.

Келесі мәселе, ауылдық әкімдіктерде маман жетіспейді. Дербес бюджетке көшкеннен кейін ауылдық әкімдіктердің жұмысы көбейеді. Ә.Арынованың айтуынша, әрбір ауылға шпарттық лимитті 5-7 бірліктен 7-9 қызметкерге арттыру ұсынылуда. Маман жетіспейді дегеннен шығады, облыс орталығының іргесіндегі 11 мың халық тұратын кентте 9 маман ғана құзымет көрсетеді екен. Кенттегі ауыз суға, жолға, басқа да әлеуметтік

мәселелерге байланысты тұрғындардың шағымы көп. Өңірдегі Майқайың, Солнечный, Қалқаман кенттерінде де осындай жағдай қалыптасқан. Майқайың кентінде 9 мыңға тарта, Павлодар ауылында 7 мыңға жуық тұрғын бар. Сондықтан кент деп қарамай, әкімдік қызметкерлерін көбейткен дұрыс болар.

Биыл басталған «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында да қыруар қаражат қарастырылып отыр. Облыс әкімінің орынбасары Алмас Батановтың айтуынша, биыл Павлодар облысына осы бағдарлама аясында 1,4 млрд теңге бөлінген. Бұл қаражатқа Терекөл, Железин, Ергіс, Баянауыл аудандарының орталықтарында жол, әлеуметтік нысандар жөнделуде. Биыл Шарбақты, Ақтоғай, Көктөбе, Аққулы аудандарындағы 34 жобаға 1,2 млрд теңге жұмсалуда тиіс.

– Өңірімізде Галицкое сияқты ауылдардың көбейгенін қалаймын. Әкімдер еліміздегі мемлекеттік бағдарламаларды жете түсініп, оның әр тетігін пайдалана алса – ауыл өзгереді, – деді Болат Бақауов жиын соңында.

Дамыған елдерде әр қала, әр провинция жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі бойынша жұмыс істейді. Олар инвестор тартуда, тұрғылықты жерін өркендету ісінде бір-бірімен жаппай бәсекелес. Павлодар облысындағы ауылдық елді мекендер де Галицкое ауылымен бәсекелестік жолына түссе игі.

Павлодар облысы

Атаулы әлеуметтік көмек

тағайындауда қандай өзгеріс бар?



әлеуметтік төлемдер, бір жасқа дейінгі бала бағуға берілетін жәрдемақы, үйде оқитын мүгедек балаларды оқыту шығынын өтеу, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар мен жетімдерді өсіру үшін қамқоршыларға берілген жәрдемақы, патронаттық тәрбиеге тапсырылған балаларды өсіруге арналған жәрдемақы, мүгедек бала тәрбиелеп отырған қамқоршылар мен асырап алушыларға арналған жәрдемақы, жұмыс берушілер қаржысының есебінен әлеуметтік қамтамасыз ету бойынша жәрдемақы, қалалық қоғамдық көліктегі жолақыға материалдық көмек, көмектің нақты түлерінің бағасы, сонымен бірге оның орнына төленген сома, төлемақының барлық түріне қосымша төлемақы, алимент, кәсіпкерлік кірісі, жалға беруден немесе сатудан (жылжымайтын мүлік, көлік) түсетін табыс, құнды қағаздар кірісі, мүлікті сыйға немесе мұраға алу, несие мен шағын несие, қайтарымсыз қаражат алу, қаржылай салым мен депозиттің сыйақысы, ақшалай аударымдар, сондай-ақ байқауда, жарыста, олимпиадада, фестивалде, лотереяда және тағы басқа ұтыстар қаралып, есепке алынады.

Егер Жұмыспен қамту орталығы отбасының еңбекке қабілетті мүшесіне жұмыс ұсынса, ал аталған ұсыныс қабылданбаса онда отбасының барлық мүшесіне АӘК төленбейді.

АӘК рәсімдеу тәртібі өзгерген жоқ. Жәрдемақы тағайындау үшін жұмыспен қамту орталығына жеке куәлік көшірмесімен бірге өтінім беру қажет. Сондай-ақ тұрғылықты жері бойынша тұрақты немесе уақытша тіркеу болуы тиіс. Өтінім берілгеннен кейін жеті жұмыс күні ішінде өтінім берушінің үйіне комиссия келіп, тексеру актісін толтырады. Осыдан кейін ғана АӘК тағайындау туралы шешім шығарылады.

(Соңы. Басы 1-бетте)

АӘК есептеу кезінде қандай кірістер есепке алынбақ? Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің АӘК алуға өтінім берген кезде қарайтын кірістерінің ішінде еңбекақы, зейнетақы, мүгедектік және асыраушысынан айырылғандарға берілетін жәрдемақы, көп балалы аналарға берілетін жаңа жәрдемақы, арнаулы мемлекеттік жәрдемақы, еңбек жағдайының аса ауыр және зиянды, ашық тау-кен және жерасты кәсіпорындарында жұмыс істеушілерге арнаулы жәрдемақы, әлеуметтік сақтандыру қорынан

БІРІНШІ БАЙЛЫҚ

Check-up орталық аурудың алдын алады

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру пакеті сақтандырылған азаматтарға арналған. Олар үшін консультативті-диагностикалық көмек көлемі ұлғайтылады. Медициналық тексерулерге көп қаржы жұмсалмақ. Ересек тұрғындар үшін check-up қызметі қолжетімді болмақ. Осы орайда Ақтөбе қаласында заманауи check-up орталық тұрғызылып жатыр. Жобаны жүзеге асырудың басы-қасында жүрген медицина ғылымдарының кандидаты, жоғары санатты хирург Надиар Мусинді сөзге тарттық.

– **Надиар Маратұлы, биыл елімізде МӘМС жүйесі енгізілді. Осы жүйедегі check-up орталықтың ролі қандай болмақ?**

– Президенттің жыл сайынғы Жолдауында айтылып келе жатқандай, зайырлы қоғамдағы денсаулық сақтау саласы қымбат стационарлық емдерге емес, аурудың алдын алуға бағытталуы шарт. Біз халықты жоғары тиімділіктегі ерте диагностикамен қамтуымыз қажет. Мемлекет саясатын жүзеге асыру мақсатында профилактикалық медицина бойынша әлемдік көшбасшылардың бірі Сеул ұлттық университетіне қарасты госпитальдың (SNUH) қолдауымен бүгінде Ақтөбе медициналық орталығының аумағында заманауи check-up орталықтың құрылысы жүріп жатыр. Check-up орталық – әлемдік медицина ұстанған жаңа бағыттың ең маңызды бөлігі.

– **Check-up орталықтың қызметі сақтандырылған азаматтар үшін тегін бола ма?**

– Қазақстандықтар жыл сайын шет мемлекеттерде емделуге 68 миллиард теңге жұмсайды екен. Көбі Германияға барып емделеді. Медициналық туризм бойынша екінші орында – Израиль. Үндістан мен Таиланд нарықтағы лидерлер қатарына соңғы жылдары қосылды. Қазақстанда бір адамды толық медициналық тексеруден (check-up) өткізу 70 мың теңгеден басталады. Ақтөбеде медициналық тексерудің көлеміне қарай бірнеше пакет түрі жасқалады. Мысалы, қарапайым пакеттерге жұмыс орнынан талап етілетін медициналық тексерулер енеді. Толық пакетке сәйкесінше барлық ағзаны толық тексеру кіреді. Алдын ала есеп бойынша, қарапайым пакет 300 доллардың шамасында болады. Ал толық пакет 1000 доллар тұрады. Сақтандырылған азаматтар терапевтің жолдамасымен орталықтан тегін тексеруден өте алады. Мемлекеттік тапсырыс бойынша күн сайын 20 адамды тегін қабылдау қарастырылып отыр. Оның 10-ы әйел, 10-ы ер адам болады. Сонда жылына 4840 адамға тегін қызмет көрсетеміз.

– **Check-up қызметін кімдер пайдаланады?**

– Кез келген адам біздің қызметімізге жүгіне алады. Соның ішінде үш топқа толық медициналық тексеруден өтуге кеңес берер едім. Алдымен, туған-туыстары арасында онкологиялық, жүрек-қан тамырлары, т.б сырқаттарға шалдыққандар болса тексеріліп тұрғандары абзал. Одан кейін, денсаулығына немқұрайлы қарайтындар (артық салмақ, дұрыс тамақтанбау, аз қимыл, теріс әдеттер) үшін қажет. Үшіншіден, өз денсаулығын тексеріп, кез келген аурудың алдын алып отыратын адамдар. Яғни check-up «ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» қағидасына құрылған. Экономикалық тұрғыдан да халықтың қаржысын үнемдеуге қызмет етеді. Bookimed-тің дерегіне, елде 100 адамның 40-ы тұрғылықты мекен-жайы бойынша тіркелген емханасынан кәте диагноз алады екен. Ол диагноздарды шетелдерге барып қайта тексертуге мәжбүр.

– **Қазір елімізде обыр дерті дендеп барады. Ақтөбе облысында рақтың алдын алу жұмыстары қалай атқарылып жатыр?**

– Ақтөбе медициналық орталығында диагностикалық қереуеттер бар. Осы қереуеттер қойылғалы 367 адам тексеруден

өтті. Анықталған онкопатология көлемі 6 пайыз. Бұл check-up орталықтарға сұраныстың жоғарылығын көрсетеді. Кешенді тексерулер жалпы халыққа қолжетімді болуы тиіс. Ай сайын мемлекеттік тапсырыспен 100-120 адамды тексеріп тұру жоспарда бар.

– **Ақтөбедегі ғимарат халықаралық стандартқа сай салынды. 4 қабаттан тұрады. Жабдықтарды қайдан әкеліңіздер? Кадр мәселесі қалай шешіледі?**

– Бірінші қабатта тек зертханалық-диагностикалық бөлмелер орналасады. Екінші қабатында тексеруден өткен азаматтарды қабылдайтын кеңес беру бөлмелері болады. Үшінші қабаты әкімшілік. Ал жоғарғы қабатта қаламызға өзге өңір, елдерден келетін адамдар үшін қонақ бөлме, жатын бөлмелер жасаймыз. Check-up орталықта Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университетінің профессор-оқытушылық құрамы зерттеу жұмыстарымен де айналысатын болады. Алғашқы екі жыл қабылдауды Кореяның үздік мамандары жүргізеді. Олар жергілікті мамандарды әзірлеумен де айналысады. Радиолог, гастроэнтеролог, кардиолог, гинеколог, офтальмолог, тіс дәрігері, ЛОР-дәрігер, кеңес беруші дәрігерлерді Кореяның Сеул қаласындағы Гангнам check-up орталығына оқуға жібереміз. Құрал-жабдықтар да осы елден жеткізіледі.

Әңгімелескен **Майгүл СҰЛТАН,** «Egemen Qazaqstan»



НҰРЛЫ ЖЕР

Құрылысы қарқынды астаналық аймақ

Соңғы жылдары Ақмола облысында құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізіліп, облыс аумағындағы жолдар жөнделуде. Инвестиция тарту өткен жылдармен салыстырғанда біршама көбейіп, халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына да айрықша мән берілуде.

Байкал БАЙӘДІЛ, «Egemen Qazaqstan»

Әсіресе, «Нұрлы жер» тұрғын үй бағдарламасы бұрынғы «Қолжетімді тұрғын үй», «Нұрлы жол», «Аймақтарды дамыту» бағдарламасы тәрізді кең ауқымды, нәтижелі жұмыстарды жалғастырып, айрықша серпінмен жүзеге аса бастады. Соңғы жылдары Ақмола облысында құрылыс жұмыстарының барлық бағыты ауыз толтырып айтарлықтай толымды табыспен өрнектелуде. Мәселен, соңғы екі жыл ішінде «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша 900 мың шаршы метрден астам тұрғын үй салынып, пайдалануға берілді. Қарапайым тілмен айтатын болсақ, 8 мыңнан астам отбасы қоныс тойын тойлады. Биыл 501 мың шаршы метр немесе 5 мың пәтерді пайдалануға беру межеленуде. Алғашқы 10 айдың ішінде 448 мың шаршы метр пәтер пайдалануға берілді. Ілкімді істің нәтижелі атқарылуының нәтижесінде облыстағы 3840 отбасы баспаналы болды.

2019 жылы тұрғын үй құрылысына 11,3 миллиард теңге қарастырылған болатын. Оның 7,5 миллиард теңгесі республикалық бюджеттен бөлінсе, облыстық бюджеттен 2,3 миллиард теңге бағытталған. Бұл орайда, «Бәйтерек-девелопмент» акционерлік қоғамының 1,5 миллиард теңгеге мемлекеттік құнды қағаздарын шығарып, қаржы тартуы да айтарлықтай септігін тигізуде.

Сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй бағыты бойынша 23 көпқабатты үйлердің құрылысы қолға алынған. 14 көпқабатты 618 пәтерлік тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Бұл жерден көп балалы 148 отбасына пәтер беріледі. Жыл басынан бері 13 мың шаршы метр болатын 235 пәтерлік 5 көпқабатты тұрғын үй пайдалануға берілді. Оның үшеуі Көкшетау қаласында, 40 пәтерлік тұрғын үй Макинск қаласында, 75 пәтерлік тұрғын үй Державинск қаласында салынды.

Бүгінде мемлекет көп балалы отбасылардың баспана мәселесін шешуге үлкен мән беріп отыр. Ел ішіндегі осы

санаттағы отбасылардың әлеуметтік-тұрмыстық мәселесін оңынан шешіп, жаңа да жайлы баспанамен қамтамасыз ету әрдайым басты назарда. Осы орайда әлеуметтік жағынан аз қамтылған көп балалы отбасылардың баспана жайын жақсартуға 1,4 миллиард теңге қаражат бөлінген. Оған қоса көп балалы отбасылардың жалға берілетін тұрғын үйлерін салуға 1 179,6 миллион теңге бағытталған. Тағы бір айта кетерлік жайт, көп балалы отбасыларға жалға берілетін пәтерлерді сатып алуға 220,4 миллион теңге қарастырылған.

Салалық министрлікте жалға берілетін пәтерлерді салу бағытында үш жылдық жоспар бар. Осы жоспар шеңберінде 920 пәтерлік 19 жалға берілетін көпқабатты тұрғын үй салу межеленуде.

Биыл 117 әлеуметтік жағынан аз қамтамасыз етілген отбасына баспана салу көзделсе, бұл ойдағы жеке асыра орындалып, 184 көп балалы отбасы қоныс тойын тойлайды. Оған қоса 148 көп балалы отбасына жалға берілетін тұрғын үйлер салынады. Таратып айтар болсақ, Көкшетау қаласында осындай 20, Степногорск қаласында 30, Атбасар ауданында 32, Бұланды ауданында 42, Шортандыда 24 жалға берілетін пәтерлер салынады. Баспанамен қамтудың ауқымы да кеңейіп түспек. Мәселен, 2020 жылы облыс орталығында ғана емес, Бұланды, Бурабай, Ерейментау аудандарында да тұрғын үйлер салу жоспарланып отыр. Сәл таратып айтар болсақ, жалпы көлемі 41 мың шаршы метрді құрайтын 640 пәтер салынады. Макинск қаласында 45 пәтерлік, Ерейментауда 45 пәтерлік үйлерді салу межеленуде.

Жекеменшік тұрғын үйлер салуға да барынша көңіл бөлінуде. Мәселен, ағымдағы жылы Шортанды ауданында 808 жер теліміне су құбыры тартылып, электр қуатымен қамтамасыз етілді. Дәл осындай жұмыс өткен жылы да қарқынды жүргізілген болатын. Айталық, Атбасар қаласында 69, Аршалы кентінде 200, Степногорск қаласында 85 жер телімдері инженерлік жүйемен жабдықталды.

Ақмола облысы

«ЕГЕМЕНГЕ» ЕЛДЕН КЕЛДІ

Көгілдір отын мен ауыз суға зәруміз

– дейді шалғай ауыл тұрғындары

Өздерін Залжан Сүйеуов және Нұрлыбай Қошаманұлы деп таныстырған азаматтар қабырғаларына қара тастай батып жүрген мәселелерді егжей-тегжейлі әңгімеледі. «Шалғайдағы Байғанин ауданына қарасты темір жол бекетінің бойында орналасқан Ноғайты ауылында тұрамыз. Бізді қинайтын газ құбырының тартылмағаны. Өлі күнге дейін қи мен көмір жағып отырмыз. Ал қатты отынның бағасы жылдан жылға өсіп барады. Мысалы, көмірдің бір тоннасының құны қазір 20 мың теңгеге жуықтады», деп қыжылысы білдірді.

Темір ҚҰСАЙЫН, «Egemen Qazaqstan»

Бұдан соң шалғай ауылдың қос тұрғыны бүгінде қолдан жасалған ауыз су проблемасына тап болғандарын жеткізді. Ноғайты ауылы тұрғындарының айтуынша, ауыл аумағында су жоқ емес, бар. Атап айтқанда, Ноғайты-Жамансор ауыз су тасымалдау өндірістік кәсіпорны сонау 1973 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Аталған гидро-инженерлік нысан Ноғайтыдан көршілес Атырау облысының Сағыз, Мұқыр, Жантерек, Кенбай және Жамансор бағыттарына әрі сол өңірлерде орналасқан әскери бөлімшелер мен темір жол бекеттеріне ауыз су жеткізіп беріп жүр. Бүгінде 30 мыңға жуық халық осы өндірістік мекеменің суын пайдаланады. Бір өкініштісі, «шамның жарығы түбіне түспейді» дегендей, өзіміздегі өндірістік мекеменің ауыз суын Ноғайтының өз тұрғындары тұтына алмай отыр», деді Залжан Сүйеуов. Сонымен бірге ол аталған ауылдың жарты бөлігі жоғары жылдамдықтағы интернет желісімен қамтылмай отырғанына да алаңдаушылық білдірді.

Мұндағы мектептің іргесінен «Қазақ-телекомның» кең жолақты интернет желісі өтіп жатса да жергілікті тұрғындар оның игілігін көре алмай келіпті. Соның салдарынан мектеп мұғалімдері есептері мен өзге де құжаттарын сабылып аудан және облыс орталығына барып өткізуге мәжбүр болып келген. «Қысқасы,

бүгінгідей ақпараттық-технология жетістіктері жан-жақты дамыған заманда біздің ауылдың тұрғындары интернетке кіріп жедел электронды пошта байланысын пайдалана алмай отыр. Сөйтіп «Айдалада ақ отау, аузы-мұрны жоқ отауды» күйін кешудеміз», деді олар.

Ноғайты ауылына көгілдір отын тартылып, ауыз су мәселесі шешілсе, өзге өңірге көшіп жатқандардың легі күрт тыйылмақ. Әйтпесе оның салдары ауылдық орта мектептегі оқушылар санының күрт төмендеп кетуіне де салқын тигізген. Бүгінде 420 орындық ғимаратта небәрі 150-ге жетер-жетпес оқушы оқиды. Ел азаматтарының аузынан естігеніміз, ауыл тұрғындары негізінен өз ризық-несібелерін қолдарындағы азын-аулақ малымен айыра тұрса да, олардың ауыл аумағы мен іргесінде қызмет ететін мұнай-газ компанияларына қарапайым жұмысшы болып кіруге деген құлшыныстары мол екен.

Әйтсе де шетелдік компаниялар жергілікті тұрғындарды жұмысқа қабылдамаған. Шынтауытына келгенде, екі жақты келісімге сәйкес шетелдік компания жетекшілері белгілі бір квота шеңберінде 15-20 пайыз төңірегінде сол аумақтағы ауыл тұрғындарын арнайы курста оқытып, IV және V разрядтары бойынша қарапайым қызметке қабылдауға тиіс. Бұлай болмай отырғаны, әрине, өкінішті-ақ.

Ақтөбе облысы

ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ҚАДАМДАРЫ

Тәуелсіздік жылдарында ішкі істер органдарының құқықтық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі қызметіне толық баға беру үшін, әуелі криминогендік жағдайға талдау жасаған жөн. Өйткені Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін қандай жағдай орын алғаны әлі көз алдымызда. Қазақстанда, басқа да жаңа тәуелсіз республикалардағы сияқты экономикалық дағдарыс басталды. Шаруашылық байланыстар үзіліп, зауыттар мен фабрикалар тоқтап қалды. Адамдарға жалақы, зейнетақы, жәрдемақы төленбеді. Осындай ауыр жағдайда қылмыстардың саны тым шарықтап кетті. Қарақшылық, ұрлық-қарлық кең етек алды. Тіпті темір жол көлігінде мемлекеттік жүктер де тоналды, әскерде әскери мүлікті тасып әкетушілік болды. Жасырын тауар айналымы ұлғайды.

Азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – басты міндет

Ол уақыттағы статистика шынайы көріністен ашақ болды. Дегенмен де, ресми деректер бойынша «сұрапыл» 90-жылдары тек адам өлтіру мен денсаулыққа ауыр зиян келтіру 80-жылдармен салыстырғанда 2 есеге, ал тонау 4 есеге өскен. Сол жылдарда басты мақсат криминалды тоқтау, адамдарды қорғау, мемлекетті сақтап қалу болды.

Бүгінде 90-жылдармен салыстырғанда адам өлтіру 3 есеге дерлік кеміді. Мәселен, 1996 жылы адам өлтіру саны 2,5 мыңнан асса, 2018 жылы – 900-ден сәл жоғары болды. Ауыр зиян келтіру 6 мың болса, 2018 жылғы қорытынды бойынша 2 мыңды құрады. Тонаулар 5 есеге қысқарды.

Жаһандық бейбітшілік индексында Қазақстан 163 елдің ішінен 64-орынға ие болды. Бұл ТМД-дағы үздік көрсеткіш (Беларусь – 97, Өзбекстан – 102, Ресей – 154). Мұның барлығы да жыл өткен сайын елімізде өмір сүріп, жұмыс істеу әдегәйде қауіпсіз бола бастағанын дәлелдейді. Жағдай 90-жылдармен салыстырғанда ғана емес, Кеңес өкіметінің ең гүлденген шағы 80-жылдармен салыстырғанның өзінде жақсырақ. Ол кезде Қазақ КСР-інде орташа есеппен алғанда жылына 1,5 мың кісі өлтіру қылмысы жасалатын. Бүгінде бұл көрсеткіш шамамен 2 есеге төмен. Денсаулыққа ауыр зиян келтіру фактілері жұмыс істейтін кысқарған. Бұл мемлекеттің қылмысқа қарсы күрес жөніндегі кешенді жүйелі шараларының арқасында мүмкін болды.

Біріншіден, тәуелсіздік жылдарында маңызды бағдарламалық құжаттар мен тұжырымдамалар жүзеге асырылды, қажетті заңдар қабылданды, құқықтық көмек көрсету және қылмыскерлерді беру жөнінде халықаралық ынтымақтастық орнатылды, жаңа құқық қорғау жүйесі қалыптасты. 1997 жылдан бастап егеменді Қазақстанда тұңғыш рет Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу, сондай-ақ Қылмыстық атқару кодекстері қабылданды. Алайда, өмір жалпыадамзаттық құндылықтардың басымдығы, адам құқықтары мен бостандықтарын қылмыстық-құқықтық қорғау мәселесіне батыл бұрылу, қылмыстық-құқықтық тиімділіктің тұрақты нарықтық экономиканың шарттарына сәйкестігі идеясына негізделген жаңа кодекстердің жасалуын талап етті. Араға 17 жыл салып, 2015 жылы жаңа Қылмыстық, Қылмыстық-процестік және Қылмыстық-атқару кодекстері қабылданды.

Екіншіден, бір жағынан, қылмыстық статистиканың толықтығы мен нақтылығы, екінші жағынан, кез келген құқық бұзушылыққа мүлде төзбеушілік қамтамасыз етілді. Қылмыстылық көрінісі шынайы бола бастады. Мысалы, 2015 жылға дейін 6 мыңға жуық жасырылған қылмыс анықталды. Қазір бұл үшін қылмыстық жауапкершілік енгізілген. Қылмысты жасыру мәні жоғалты, өйткені барлық, тіпті ең ұсақ құқық бұзушылық та тіркеледі.

Үшіншіден, қазіргі таңда пенитенциарлық жүйенің тәсілдері түбегейлі қайта қаралған. Тәуелсіздік алған сотте колонияларда барлық одақтас республикалардан 100 мыңнан астам адам отырды. Сол кезде Қазақстан

жан басына шаққанда ең көп қамалғандар саны бар әлемдік көшбасшылардың үштігінде болды. 1986 жылы қамауға алынғандар саны 100 мың тұрғынға шаққанда 676 болса, қазір – 213 адам. 30 жыл ішінде бұл контингент 3 есеге азайды. Соңғы сегіз жыл ішінде жүргізілген қылмыстық саясатты ізгілендіру нәтижесінде бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатын адамдардың саны жартысына жуық кеміді, тиісінше Қазақстанның түрме халқының әлемдік рейтингіндегі жайғасымы 3-орыннан (2000 жылы) 98-орынға (2019 жылғы 1 тамызға) ауысты.

Түрме халқының қысқаруына байланысты материалдық-тұрмыстық жағдайы нашар 12 мекеме таратылды. Бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазалар қолданылатын адамдардың пайыздық арақатынасы артты. Егер Тәуелсіздік алған кезде мұндайлар 10% болып, ал қалғандары колонияларға жіберілсе, ал қазір сотталғандардың 60%-ға жуығына пробациялық бақылау тағайындалады, ал 40%-ы бас бостандығынан айыру орындарына жіберіледі.

Төртіншіден, 2015 жылы Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстерінің қолданысына енгізілуіне байланысты, артықшылықтармен қатар, пысықтай түсуді қажет ететін бірқатар өзекті мәселелер де пайда болды.

Бірінші артықшылық. Қылмыстық кодексе ізгілене түсті. Оның репрессивтілігі 30%-ға төмендеді. Бұрын ұры кәнігі қылмыскер болып табылса, тіпті ұсақ ұрлық үшін де бас бостандығынан айыруға үкім шығарылатын. Мұндай олқылықтар қазір жойылды. Баламалы жазалар беріле бастады. Адамдар қоғам мен отбасынан оқшауланбай түзелуге мүмкіндік алды. Сондай-ақ қоғам мен мемлекеттің қорғауы күшейді. Экстремизм мен терроризм үшін жазалау күшейді, сепаратизм, әскери кикілжіңдерге қатысқаны үшін жауапкершілік енгізілді. Сыбайлас жемқорлар үшін мемлекеттік қызметте, ал педофилдерге балалармен жұмыс істеуге өмірлік тосқауыл қою күшіненді. Бүгінгі күні химиялық кастрация туралы норма қабылданып, орындалуда.

Екінші артықшылық. Қылмыстық процесс барынша адамға бағытталып бастады. Тергеуге дейінгі тексерістің күші жойылды. Электронды қылмыстық іс енгізілді.

Бұрын іс қозғалғанға дейін ескі ҚІЖК жауап алуға, қарауға, алуға, сараптауға мүмкіндік берді. Адамдардың осы кезеңде ешқандай құқықтары болмады. Ал қазір қылмыстық іс дереу басталады, сол себепті адам процестің ең басында-ақ процессуалдық құқықтарын пайдалана алады. Айғақтарды сақтауға қою. Мыңнан астам адамнан тек бір рет жауап алынған. Кейін оларды мазаламаған. Бұл балалардың психикасына зақым келтірмеу үшін маңызды. Қашықтықтан сауал алу енгізілді. Енді қатты қажеттілік болмаса, басқа қалалардан ешкімді алып кетпейді. Адамдарға да, бюджетке де ыңғайлы әрі тиімді.

Миранда қағидаты іске қосылды, яғни ұстау кезінде дереу құқықтары оқылады. Қамауға алынғандар азая түсті, кепілзат жиі қолданылады.

Үшінші артықшылық. Соттың бақылауы күшейді. Процессуалдық заңнаманы жаңарту сот құзыреттері мен соттардың қолжетімділігі аясын кеңейтуге ықпал етті, азаматтар үшін өз құқықтарын қорғау мүмкіндігін шектеуді толығымен жоюға мүмкіндік берді. Сот тек қамауға алуға ғана емес, тіптіуге, алуға, мүлікке тыйым салуға және т. б. санкция береді. Тергеу мен прокурордың кез келген іс-әрекетіне сотқа шағымдануға болады.

Төртінші артықшылық. Қылмыстық кодексе ымыраға келуді кеңейтті. Бүгін, егер тараптар келісімге келсе, ал әрекет ауыр емес және адам өлімі болмаса, онда істі тоқтатуға міндетті. Жәбірленушілер де, кінәлілер де разы. Соттар, прокурорлар мен тергеушілер көп уақытын күрделі істерге арнайды.

Қылмыстық заңда жаза тағайындау кезінде ізгілендіруге ықпал еткен жаңашылдықтардың бірі қылмыстық процестің кез келген сатысында прокурор мен күдікті, айыпталушы немесе сотталушы немесе сотталған арасында жасалатын «Процестік келісім» институты болып табылады. Бұл институтты «сот төрелігімен мәміле» деп те атайды.

Бесінші артықшылық. Кінәні мойындауды енгізу. Аталған институттың мақсаты – қылмыстарды жедел және толық ашу, тергеу және сотқа дейінгі іс жүргізуді және істі қысқартылған тәртіппен сотта қарауды жүзеге асыру жолымен қылмыстық процестің өзге де міндеттерін жедел орындау. Келтірілген залал тез өтелеп, жаза жеңілдетіледі.

Алтыншы артықшылық. «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын орындау шеңберінде «Қылмыстық құқық бұзушылық қартасы» енгізілді. Қай көшеде, қай үйде, қашан және қандай қылмыс жасалғандығын тікелей көруге болады. Кез келген қылмыс, оны тіркеткеннен соң, 3-4 минуттан кейін картада көрініс табады. Бұл тұрғындарға қолайлы, өйткені үйге, жұмысқа, мектепке баратын қауіпсіз бағыттарды құруға болады. Картаңың басты мақсаты – тұрғындарды құқық бұзушылықпен күресуге тарту және олардың өмірін барынша қауіпсіз ету.

Өткен жылдың 2 қыркүйегінде Президент Қ.Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында екінші негізгі басымдық ретінде азаматтардың құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуді белгіледі. Бұл саладағы өзекті міндеттердің бірі – барлық құқық қорғау жүйесін толық реформалау болып қала береді.

Бұл ретте мемлекеттің күштік құралы ретінде көрінетін полицияның бейнесі жүре-барала ұмытылып, ол азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қызмет көрсететін органға айналады. Осыған байланысты, Мемлекет басшысы 2020 жылға дейін Әкімшілік полиция комитетінің жұмысын қайта құру міндетін қойды. Күштік құрылымдарды реформалау, бұл – қазіргі мәселелерді, әлемдік тәжірибені, қоғамның қалауы мен мемлекеттің мүмкіндігін жан-жақты талдауға арналған күрделі процесс.

Нұрлан БИЕКЕНОВ,
заң ғылымдарының докторы, полиция полковнигі

ТАЛАП ЖӘНЕ ТӘРТІП

Әкімдік маманы өтінішті қарады...

Бас прокуратураға қарасты Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті Алматы облысы бойынша басқармасының деректері бойынша, өткен жылдың 9 айында тұрғындарға тиісінше қызмет көрсету ережесін бұзған 24 әкімдік маманына қатысты құқықтық хаттама толтырылған. Ал 40 мемлекеттік қызметші тәртіптік жауапкершілікке тартылған екен.

Қалмаханбет МҰҚАМЕТҚАЛИ,
«Egemen Qazaqstan»

Тұрғындардың мемлекеттік қызмет алуға қатысты құқығы баспана кезегі мен жер теліміне қатысты жиі бұзылып отыр. Өткен жыл ішінде облыс тұрғындарынан арнаулы қызмет алуға қатысты 70 мыңнан астам өтініш түссе, оның ішінен 174 өтініштің қаралу мерзімі мен орындалуына қатысты шешім шығарылуы қасақана шегеріліп, уақытын созу дерегі анықталыпты. Жалпы, 2019 жылы Алматы облысындағы мемлекеттік қызметшілер тарапынан заң бұзушылық жиі орын алғанын Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің Алматы облысы бойынша департаментінің өкілдері

де мәлімдеуде. Нақты айтқанда, былтыр Алматы облысының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қызметі 141 қылмысқа қатысы бар дерек тіркеген екен. Оның ішінде 101 іс жемқорлыққа қатысты қозғалған. Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қатысты күдікке іліну дерегі барлық қылмыстық істердің 71,6 пайызын құрап отыр. Атап айтқанда, жыл басынан бері 81 пара алу оқиғасы әшкереленіп, қызмет бабын асыра пайдаланудың 11 дерегі анықталған. Нәтижесінде, жекелеген тұлғаға қатысты 63 қылмыстық іс ашылып, 43 адам сотталған. Жауапқа тартылған қызметкерлер арасында 6 облыстық деңгейдегі басшы, 5 орта санаттағы лауазымды тұлға бар. Бүгінге дейін 87 іс сотқа жіберіліпті.

Сондай-ақ шенеуніктер тарапынан шағын және орта бизнес нысандарына қысым жасау азаймай отырған көрінеді. Дәл осындай мазмұндағы 17 шағым қабылданып, 13 лауазым иесі жауапкершілікке тартылған. 35 кәсіпкердің құқы қорғалды.

Айтпақшы, облыстағы сыбайлас жемқорлық деректері жиі байқалатын қызметтердің көшін әкімдік қызметкерлері бастап тұрғаны өкінішті. Өткен жылдың 11 айында шенеуніктердің пара алуына қатысты 26 оқиға анықталған. Жер қатынастары бөлімінің қызметкерлері де әкімдік өкілдерінен қалыспапты, оларға қатысты 2019 жылдың желтоқсан айына дейін 12 дерек тіркелген. Былтыр ішкі істер органдары мен құрылыс саласында да пара алудың ондаған мысалы байқалса, әлеуметтік қорғау қызметінің 8 өкілі жемқорлыққа қатысты айыпталған екен.

Алматы облысы

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ІНДЕТ, ЖОЮ – МІНДЕТ

Әлеуметтік саладағы күрес тоқтамауы тиіс

Жемқорлықтың жарға жығатыны белгілі болса да, қоғамда сыбайластықтың сипаты көрініс беріп қалады. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында «Сыбайлас жемқорлықпен жан-жақты күресу мәселесі күн тәртібінен түскен жоқ», деген болатын.

Хамит ЕСАМАН,
«Egemen Qazaqstan»

Осы орайда, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаменті сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және оның кез келген көріністерінен азаматтардың құқықтарын қорғау бағытында жұмыс жүргізуде. Аталған департамент басшысының орынбасары Нұркен Исламовтың айтуынша, былтырдың өзінде Жамбыл облысының аумағында әлеуметтік көмек көрсету салаларында сыбайлас жемқорлық сипатында жасалған 5 қылмыс тіркеліпті.

«Аталған салаларда шенеуніктер тарапынан тапсырылған бөтен мүлікті немденің алу немесе талан-таражға салу, лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану, пара алу сияқты қылмыстар кеңінен таралған. Сонымен қатар әлеуметтік көмек салалары көптеген миллиардтық бюджет қаражаттары шоғырланған «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың» 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылуы сүйемелдейді. Бұл тұрғыда Мемлекет басшысы Мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру және бюджет қаражатын жұмсау бойынша бақылауды және жауапкершілікті қатайту қажеттігін, халықтың қаражатын тиімсіз пайдалануға және ұрлауға байланысты жасалынған құқық бұзушылықтар қатаң түрде

жалаланатынын айтқан еді», дейді Нұркен Исламов.

Бүгінде мемлекет тарапынан әлеуметтік салаға тиісті қолдау көрсетіліп келеді. Яғни, тұрғындардың тұрмысын түзету мақсатында қыруар қаражат бөлінуде. Алайда, жергілікті кейбір лауазымды тұлғалардың өзін тиісті азаматтарға бөлмей, бөлсе де жең ұшынан жалғасқан жемқорлыққа бой алдыруы өкінішті. Мәселен, Жамбыл ауданы Көлқайнар ауылдық округі әкімдігінің лауазымды тұлғалары атаулы әлеуметтік көмек алуға мұқтаж емес тұлғаларға белгілі бір сыйақыға жалған құжат жасаған деректері анықталған. Енді паракорлық санатта қозғалған қылмыстық іс бойынша кешенді сот-сараптама тағайындалып, жан-жақты тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде. «Бұдан басқа, Тараз қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы Н.Бижанов атаулы әлеуметтік көмекті алып беру және әрі қарай қамқорлық жасау мақсатында азаматша Г.Салиевадан бір айлық жәрдемақы 103 000 теңге, Д.Ахметовадан бір айлық жәрделуші сүйемелдейді. Бұл тұрғыда Мемлекет басшысы Мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру және бюджет қаражатын жұмсау бойынша бақылауды және жауапкершілікті қатайту қажеттігін, халықтың қаражатын тиімсіз пайдалануға және ұрлауға байланысты жасалынған құқық бұзушылықтар қатаң түрде

бағдарламалар бөлімінің бас маманы Н.Айымбетова көп балалы аналарға арналған әлеуметтік көмек алуға көмектесу және әрі қарай қамқоршылық жасау мақсатында азаматша Г.Абдуллаева мен Г.Абишевтардан 100 000 теңге пара алу дерегімен ұсталған. Аталған іс бойынша жан-жақты тергеп-тексеру амалдары жүргізіліп, Сарысу аудандық сотымен Н.Айымбетова кінәлі деп танылып, 2 000 000 теңге айыппұл жазасына кесілген. Сондай-ақ департаменттің жедел қызметкерлерімен жедел іздестіру іс-шараларын жүргізу барысында Т.Рысқұлов аудандық білім бөлімінің бас маманы, аудандық қорғанышылық және қамқоршылық кеңесінің хатшысы Ш.Маутбаевтың теріс әрекеті анықталған. Ол ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаға қорғанышылық белгілеу және оны одан әрі асырап алу туралы мәселені оң шешілуіне жәрдем көрсетуге З.Қадыровадан 350 000 теңге пара алу дерегімен құрықталған. Жан-жақты тергеп, тексеру амалдарын жүргізу нәтижесінде сотқа жолданып, Т.Рысқұлов аудандық сотының үкімімен Ш.Маутбаевқа 3 жыл бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған.

Жалпы, Жамбыл өңірінде 2019 жылы әлеуметтік көмек көрсету салаларында сыбайлас жемқорлық сипатында дерек артып отыр. Әрине, бұл ретте мәселенің екі жағы бар екенін де ұмытпаған жөн. Себебі кейбір азаматтардың өзі тірлігін тез бітіріп алу үшін жауапты адамдарды пара алуға итермелейді. Сондықтан да, сыбайлас жемқорлықпен мемлекет болып күресіп жатқанда әрбір азамат оң әрекетті өзінен бастаса дұрыс болар еді...

Жамбыл облысы





Батырбек Датқаның болыс ұлдары

Батырбек Датқа бабамыз туралы абайтанушы, академик Мекемтас Мырзахметов, әйгілі кардиохирург Сейітхан Жошыбаев, ақын Арғынбай Бекбосын, жазушы Көсемәлі Сәтгібайұлы, т.б. зиялы қауым өкілдері көлемді, деректі мақалалар жазып, олар республикалық, облыстық басылымдарда жарияланды.

Датқаның төрт әйелінен сегіз ұл, он бес қыз тарайды. Ұлдарының ішінен Ыса, Тастанбек, немересі Белқожа әрқайсысы 30-40 жыл болыстық қызмет атқарған. Олар әкелерінің жолымен жүріп халықты бөліп-жармай, тура жолдан таймай адал басқарған. Ел ішіндегі ұры-қарыларды, қылмыскерлерді қатаң жазалап отырған. Сондықтан да қарапайым халық арасында абырой-беделдері өте зор болған. Ел қариялары осы кісілердің әділеттілігін, жомарттығын, іскерліктерін әлі күнге дейін аңыз етіп айтады. Кезінде сырттан көшіп келгендерге жер бөліп беріп, қоныстандырып, алдарына мал салып бергенін Жуалы ауданы, Қоңыр-төбе ауылындағы найман, арғын, Көл-бастаудағы қыпшақ ағайындардың үлкендері разылықпен еске алып отырады.

Сондай-ақ олар алты бірдей елді мекенде мешіт-медресе салдыртып, халық арасынан діни білімі жетік шәкірттер дайындау жұмыстарына ерекше көңіл бөліп отырған. Оның бар жағында, қарапайым халықты егін шаруашылығына ұйымдастырып, ірі-ірі тоғандар қаздыртып, сол кездің өзінде-ақ қолдан суару жүйесін жолға қоя білген.

Бұл кісілердің жомарттығы жайлы да үлкендерден жеткен әңгімелер көп. Шымкентте отырған ояз жиналысқа шақыра қалса, нөкерлерімен барып, қайтарда керуенмен бірге ауылға мата, қант-шай, өрік-мейіз ала қайтады екен. Жомарттығы сол, ауылға жеткенше, әлгі тауардың жартысынан көбін жолдағы кездескен елді мекеннің халқы тартып алып, ауылға азғана бөлігі зорға жететіні көрінеді.

Үшеуі де сөзге шешен, мақалдап-мәтелдеп сөйлейтін, қиын-қыстау кезеңде сөз тауып, жол тауып кететін ерекше қасиеттері болған. Бірде Ыса болысты ояз бастығы өзіне шақырып алып: «Үстіңізден арыз бар, қатал көрінесіз, не істейміз?» десе керек. Бұл арызды әлдебір бөлекорларға ояздың өзі әдейі жаздыртып, ұйымдастырып отырғанын сезе қойған Ыса әлгі жерде бөгелместен: «Ой, тақсыр ол бөлекорларға сенбеніз, өткенде ғана сізді «орыстың арақ ішкіш мүжығы», мені «қазақтың бұзығы» деп: «Ояз арақшкіш, халықты басқара алмайды, Ташкенттегі губернаторға үстінен арыз жазамыз» дегенде, мен сіз үшін оларға аз ғана мал, ақша беріп, арақ тоқтаттым», деп оязды орнына қойған екен.

Белқожа датқа да 1925 жылға шейін болыс болған, Ташкенттегі медресені, орыс-қазақ мектебін бітірген, араб, орыс тілдеріне өте сауатты адам болыпты. Романовтар әулетінің таққа отырғандарына 300 жыл толуына орай өткен салтанатты

жиынға жалпы Орталық Азиядан баратын елу шақты болыс, байларды осы Белқожа болыс бастап, патша алдында құттықтау сөз сөйлеу құрметіне де не болған.

Орысша сауатты сөйлегеніне қатты разы болған патша Белқожамен арнайы бірге суретке түсіп, көптеген сыйсыяпат жасаған. Белқожа болыс өзінің генерал-губернатордың алдындағы беделінің арқасында 1916 жылғы июнь жарлығы кезінде Ресейдің батысында жүріп жатқан соғысқа, қазақ жастарын тыл жұмыстарына алу туралы бұйрық болғанда, Оңтүстік өңірден баратын мыңдаған жасты жібермей алып қалған. Ташкенттегі генерал-губернаторға барып, «газға жеткізіңіз, егерде бізден жастарды алатын болса, халық арасында толқу болып көпшілігі Ауғанстан, Иран ауып кетеді, кейін оларды ағылшын тыңшылары ұйымдастырып өзімізге айдап салмасына кім кепіл?» деп мыңдаған қазақ жастарын майданға жібермей аман алып қалады. Тарихтан белгілі, тыл жұмыстарына алынған кейбір халықтың жастары қиын жұмыстарға шыдамай, тамақтың аздығынан, іш ауруынан көбі қырылып қалған. Бұл туралы тыл жұмысына алынып, сол кездегі қиындықты көзбен көріп, елге әрең жеткен жазушы Сапарғали Бегалин өз өмірбаянында да жазып қалдырады. Белқожа болыстың халыққа істеген осы жақсылығын ел-жұрт әлі күнге дейін аңыз етіп айтады. Одан бөлек болашағы бар деген жастарды қолдап, өз қаражатына оқытып отырған. Солармен бірге өзінің баласы Жамалбекті те Ташкенттегі медресеге оқуға беріп, одан кейін Шымкенттегі орыс-қазақ школасын бітіртеді. Болыстың мұндай қамқорлықтарына Т.Рысқұлов, Қ.Қошмамбетов, Қ.Сарымолдаев, М.Тынышпаев сияқты оқыған қазақ жастары да не болған.

Т.Рысқұлов кейін, Кеңес өкіметі орнап, болыс-байларды көмекселеп, туған-туыстарын қудалағанда, Датқаның ұрпақтарына қамқорлық көрсетіп, көпшілігін Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан басшыларымен келісіп, сол жақтарға қоныстандырып, үлкен нәубеттен аман алып қалады. Осы тарихи деректердің барлығы бізге Жамалбек ағамыз арқылы жеткенін айта кетуіміз керек.

Жамалбекті аудан басшыларынан бастап, көптеген танымал кісі қатты сыйлап өтіпті. Атақты батыр Б.Момышұлы Жамалбекті қатты құрметтейтін, әкеміз Нарымбекпен жас кездерінде қызметтес, сыйлас кісілер болған. Әкеміз колхозда бухгалтер, Баукең аудандық атқару комитетінде жауапты хатшы қызметін



атқарып жүргенде батыр біздің үйге жиі түседі екен. Оның үстіне туған жездеміз Қалдарбек батырдың жақын інісі болып келеді. 1960 жылдары институтта оқып жүргенімізде екі жылдай Баукеңнің үйінде жатып та оқыдық. Баукең көңілденгенде, «Әй, Датқаның ұрпағы, сары бала!» дейді, елге барғанда сауатты ағамыз Жамалбекке сәлем айт, өз заманында өмір сүргенде ол ағаң үлкен қайраткер болатын еді» дейтін. Баукеңнің сәлемін оқудан келгенде Жамалбек көкемізге айтқанымызда үндемей көп отырып, күрсініп «есіл ер аман болысын!» деп естеліктерін әңгімелей бастайтын. Сол әңгімелердің ішіндегі мына бір естелік есімізде ерекше қалып қойыпты.

«Баукең анда-санда К.Маркс совхозында парторг қызметін атқаратын немере інісі Әбділла Момышқұловтың үйіне келеді екен. Сондай-ақ әлгі совхозда өте білімді, іскер Мақұлбек Қорғанбаев есімді азамат бас бухгалтер қызметін атқарыпты. Сол жігіт батырды да, мені де қонаққа шақырып Баукең екеуіміз түні бойы әңгімелестік. Батырдың көп сауалдарына жауап бергенім бар. Сонда көзім жеткені тарихты, салт-дәстүрімізді, діни жоралғыларды өте терең біледі Баукең, әсіресе, Батырбек Датқа туралы көп айтты, оны пір тұтып отырды.

«Жамаке, Датқа бабаларыңыз өте қасиетті, данышпан, көреген, әділетті болған кісі ғой. Жас кезімде ауданда жауапты хатшы болып, ел аралағанымда Датқа сазға соғып, үнемі дұға бағыштап жүрдім, ал 1931 жылы әскерге алынарда Момыш жәкем екеуіміз екі атқа мініп, арнайы Датқа сазға келіп қасиетті кісіге Құран бағыштап, аруағына сыйынып аттаным едім. Өрине, бірінші көктегі Тәңір, екінші Батырбек Датқаның аруағы жеген шығар, 1938 жылы Қыыр шығыста әскери қызметте жүргенімде, дивизияаралық әскери жарыс ұйымдастырылып, сол

мемлекет қорғауына алып, киелі мекен тізіміне кіргізуді қолға алғылары келеді.

Жалпы, аруақты баба жатқан Датқа саз киелі мекен екені өтірік емес. Кезінде қасиетті мекенге Кеңесары хан, Ағыбай батыр, Құнанбай қажы, Сыпатай батыр, Майлықожа, Мәделі қожа ақындар, Шоқан Уәлиханов, Байзақ, Сапақ Шоқай сияқты ұлы тұлғалар осы мекенге арнайы атбасын бұрған.

Сондай-ақ тарихи мекенге кезінде Т.Рысқұлов, Б.Қошмамбетов, Қ.Сарымолдаев, С.Сейфуллин, С.Бегалин, М.Әуезов, Б.Момышұлы, Д.Қонаев, А.Асқаров сияқты көптеген қайраткер де келіп, қасиетті кісінің аруағына тағзым еткен.

Осы ретте аудан басшылығы кесене мен ескерткішті үнемі назарда ұстап, жан-жағын абаттандырып, күрежолдан кесенеге дейінгі 300 метрге тасжол төсеп, туристер, қонақтар келгенде дамылтайтын орын ретінде қайта жаңғыртса деген тілегіміз бар.

Жоғарыда айттып кеткеніміздей, Батырбек Датқа оңтүстік өңірдің алты бірдей елді мекенінде мешіт-медресе салдыртқан. Қазірде оның екеуі Жуалы ауданында, екеуі Талас ауданында, екеуі Сайрам ауданында орналасқан. Одан бөлек, Датқаның қаздыртқан каналдары мен салдыртқан тоғандары да сол аудандарда әлі де ел игілігіне жарап келеді. Бұл нысандарға да граниттен белгі қойылып, Датқа есімі жазылғаны дұрыс.

Жуалы ауданындағы салдыртқан екі мешіттің біреуі өзінің Датқа саздағы мекенінде, екіншісі Қызтоған ауылының шығысындағы сайдың ішінде орналасқан. Жергілікті жұрт әлі де ол жерлерді мешіт немесе алмалы бақ деп атайды.

Талас ауданының басшылары да Қызылөзгіт, Көкжал елді мекендерінде Датқа бабаның салдыртқан мешіт-медресесі мен тоғандарының басына белгі қойса, тарихи тұлғаның алдындағы ұрпақ парызын өтегендік болар еді.

Қазіргі жастар тарихымызды білу керек, тарихи тұлғалардың халқына, еліне сіңірген адал еңбектерін оқып, танулары керек. Ол үшін жоғары оқу орындарының тарихшы-ғалымдары, облыстық мұрағат мандары, журналистер Тараз, Шымкент, керек болса Ташкенттегі архивтерден тарихи құжаттарды іздетіріп, мерзімді баспасөз беттерінде деректі мақалалар жазып, жариялап тұрғаны жөн.

Тарихымызды терең біліп, ондағы тұғырлы тұлғалар туралы ақиқат әңгімелер айтылғанда ғана еліміздің ертеңі жарқын болашаққа нық қадам басатынын ұмытпайық.

Нұрмұхан ЕЛЕПАЕВ,

зейнеткер, облыстық стоматологтар қауымдастығының вице-президенті

ТАРАЗ

Қалжанның қалған қазына

Арғы-бергі тарихта төрт астана бой көтерген Сыр бойында көнеңің көзіндей, данағой дәуірлер сөзіндей ескіден жеткен ескерткіштер аз емес. Соның бірі — Сырдария ауданы аумағындағы Қалжан ахун мешіт-медресесі. Соңғы жылдары реставрация жасалып, ежелгі бейнесін қайта тапқандай болған кешеннің аумағы кеңейіп, туристік нысан ретінде маңызы жоғарылай түсті.

Мұрат ЖЕТПІСБАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Атамекені Ақтөбе өңірі болғанымен де Қалжанның әкесі Бөлекбай жігіт кезінде Қарақалпақстандағы туыстарына келіп, сол жерде үйленіп, қалып қояды. Кейін Хиуа хандығындағы бектердің бірі болады. Хиуа қаласында 1862 жылы өмірге келген Қалжан әуелі осы қаладағы орта діни оқу орнында білім алып, кейіннен Бұқарадағы әйгілі Көкілташта оқиды. Қазақ даласының небір қайраткерлерін біліммен сусындатқан ғылым ордасын жиырма жеті жасында тәмамдаған Қалжан ахун негізгі оқуы — шарият және заң саласына қоса философия, астрономия, математика, биология ғылымдарын тауыса оқып, шаруашылық басқару ісін игеріп шығады. Ораз ахунның шақыртуымен Сырға келген Қалжанның балаларды оқытумен қатар өзен жағалауына бау-бақша егіп, жұртты отырықшылыққа баулыған еңбегі сол кездегі үлгілі үрдістің бірі болыпты. «Рухани жаңғыру» бағдарламасына орай ұйымдастырылған баспасөз турында сыртта туып, бар өмірін Сырда өткізген, осы маңнан мәңгілік мекен тапқан ахун мұрасы жайлы жергілікті өлкетанушы Жәнібек Маханбетовтің әңгімесін тыңдап қайттық.

— Оңтүстік өңірде Аппақ ишан, Қарнак медреселерінен кейін салынып, білімге суаған елдің көзін ашқан, рухани орталық болған осы

медресе, — дейді ес білгелі ахун өмірін зерттеп келе жатқан Жәнібек Маханбетов. Әйгілі Көкілташтың кішкентай көшірмесі секілді медресе құрылысы 1902 жылдан бастау алады. Жобасы Бұқарада жасалған ғимаратты салуға сол тұста темір-жол құрылысына жетекшілік еткен швед инженерлері мен жұмысшылар көмектессе керек. Ал кірпішін Наурызбай, Таңатар есімді жергілікті шеберлер өріп шығыпты. Медресе құрылысы ахунның қайтыс болғанына 6 жыл өткенде, яғни 1922 жылы толық аяқталады.

Ғимараттың тағы бір ерекшелігі — іргетасы. Табанына күйдірілген кірпіштен конус пішінінде қаланған кірпіштер әлі сол күйінде жатыр. Токсаныншы жылдары медресені жөндеуге жиылған жұрт іргетастың құрылыс аумағынан тыс 8 метрге созылып жатқанын анықтаған. Бұл ғимарат жобасының қазіргі қалпынан әлдеқайда ауқымды болғанын көрсетеді.

Медресе ауласына кіреберісте намазхана орналасқан. Қалған бөлменің бәрі бала оқуға арналып, сыныптық жүйеде салынған. Өр бөлменің кіреберіс маңдайшасындағы ойықтарға пән аты жазылған болуы керек. Өлкетанушы осының бәрі нысанның ағартушылық бағыттағы маңызын айқындай түсетінін айтады.

Реставрациялық жұмыстармен қатар медресе ауласын қоршап, көгалдандыру бастамасына кезінде қатар жатқан Сырдария мен



Жалағаш аудандарының әкімдері Алмағұл Божанова, Қожахмет Баймаханов көп еңбек сіңірді. Жұртты жұмылдырып, жақсы істің негізін қалады. Содан бері бұл үрдіс үзілген емес. Жәнібек Маханбетовтің айтуынша, енді оның іргесіндегі ахунның мазарына назар аударуымыз қажет. Медресенің тура түбінде ахун салдырған шағын мешіт тұр. 1916 жылдың жазында Жалағашта ораза кезінде сәжде үстінде жан берген ахунды халық 20 шақырым жерден көтеріп әкеліп, осы мешіт ауласына жерлейді. Осы саяхаттағы бастаушымыз ахунның барлық жұмысты құжаттандырып отыруға мән бергенін баса айтты еді. Маңдайшадағы көне жазуды көргенде осы пікірдің жаны бар екендігіне көзіміз жете түсті. Жазуды фотоға түсіріп алып, белгілі түркітанушы ғалым

Серікбай Қосановқа телефон арқылы жолдап жібердік. Ғалым жауабы да көп күттірмеді, маңдайшадағы 1334 жыл, 22-шәуәл деген жазу болып шықты. Қазіргі жыл қайыру бойынша бұл 1912 жылдың 22 маусымы болып шығады. Бұл мешіттің салынған жылы болуы керек. Имандылық үйінің құбыла қабырғасындағы бояудың ізі анық көрінеді.

Медресе Кеңес өкіметі тұсында талай кепті бастан кешіпті. Бастапқыда мал қора, қойма болыпты. Кейіннен мектеп, балалар үйі атанған кезі болған екен. Тіпті алпысыншы жылдары шаруашылықтарға көмекке келген студенттер жатағына айналды.

— «Сол тұста осы маңдағы шеңгел біткеннің басы қағаздан көрінбей тұратын» деседі көнеқөздер. Сыр ахуннан қалған талай қазына сол кезде жоғалса керек. Бірақ сол

дүниенің бәрі ізсіз кетті дегенге сенгім келмейді. Ел ішінде әлі де сақталып қалғандары бар сияқты, — дейді Жәнібек Маханбетов.

Қазір көне қалаларға археологиялық зерттеулер жасалып жатыр. Осының арқасында ортағасырлық талай шаһарлар туралы ел танымы кеңейіп, біраз жаңалық ашылды. Өлкетанушы енді археологиялық зерттеулерді бастау керек деген пікірде. Өйтпесе, көне сөз таңбаланған талай қағаз күн санап көнеріп, жыл санап жоғалып бара жатыр. Соларды тауып, көзі қанық азаматтарға оқытса, электронды нұсқалары жасалса елге ортақ игілікке айналар еді.

Елбасы бастамашы болған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мемлекеттік идеологияның негізгі тетігіне айналды, бұл бағытта көп іс еңсерілді. Бағдарлама жобалары шеңберінде алда да жүзеге асар

жұмыс көп. Осы бағытта Жәкең «Медресенің бір бөлмесінен Қалжан ахун музейін жасақтасақ» деген ой айтады. Музей жәдігеріне айналатын заттар да бар. Оның бірі Қалжанның заттары сақталған сандық. Көп жылғы ізденістің нәтижесінде табылған ахун ұстаған қайрақ тас та бар.

Сапарымыз түйінделер тұста Жәнібек Маханбетов естіген жұртты елең еткізер тағы бір жаңалықтың шетін шығарды. Арал өңірінде өз заманында Қалжан ахунмен Көкілташта қатар оқыған Смағұл Төлегенұлы деген азамат өмір сүріпті. Оқуын бітіріп, еліне оралған Смағұл бірде ағайын арасындағы алауыздыққа күйініп, өзге өңірге бет түзейді. Осы сапарында жолай Қалжан ахунның үйіне түседі. Барлық мән-жайға қанық болған Қалжан Смағұл ахунды осы өлкеде қалдырғыпты. Ағайындарының қызын аралдық жігітке қосады, өз алдына отау тігіп, дүниесін де береді. Кейіннен Смағұл өз еліне қайтады. Қалжан ахун берген сол киіз үйдің керемелері Аралда әлі сақтаулы тұр екен.


Өлкетанушы бұл жайлы аралдық Жеткерген Нұрқаболов ақсақалдан естіпті. Қазір қымбат қазына Шияға ауылында тұрған көрінеді. Қазіргі иесі де киіз үйді қайтаруға қарсы болып отырған жоқ. Тек жүз жылдан аса тарихы бар жәдігерді Тереңөзекке бүлдірмей жеткізетін саилы да, жайлы көлік керек.

Жуырда Тереңөзектен жақсы хабар жетті, ауданнан осы іске көмек көрсетуге ниет білдірген азаматтар табылыпты. Қалжанның қалған қазынаның құнды мұралар қатарынан орын тебер сәті де алыс емес секілді.

ҚЫЗЫЛОРДА

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Нұрлан КЕНЖЕАХМЕТ: Кеңгір-Тұра тарихта болған



Газетіміздің былтырғы 23 мамырдағы нөмірінде жарық көрген «Мыңжылдық тарихы бар қала» атты мақалада Қытайда білім алған, бүгінде Германияда тұратын тарихшы, Гумбольдт сыйлығының иегері Нұрлан Кенжеахмет «Өскемен 1757 жылдарға дейін Кеңгір-Тұра аталған» деген тың деректі айтқан еді. Жакында алыста жүрген ғалыммен телефон арқылы сөйлесіп, Өскемен тарихына қатысты құнды мәліметтерге қанықтық.

– 1760 жылы сызылған көне картада Кеңгір-Тұра белгіленген дейсіз бе? Бұл жақсы дерек екен.

– Қытайды 250 жыл билеген мәнжүрлердің Цяньлун деген патшасы 104 қола тақтаға 13 қатар етіп, ойып сыздырған карта 1760 жылы баспадан шыққан. Қола тақта 1925 жылы Бейжіңдегі патша ордасынан табылған соң ғана ғылым әлеміне мәлім болған. Бұл картада Өскемен «Орыс Кеңгір-Тұра», Семей «Орыс Сэнболот», яғни бұл қалалар орыстың иелігінде деп жазылған. Картадан Өскеменге жақын маңда орналасқан Аблайкит қорғаны және Шар өзенін де көруге болады. Кеңгір-Тұраның алдына орыс дегенді қосқаны Кеңгір-Тұра тарихына әсер етпейді. Қытайлар жоңғарлардан парықтау үшін осы сөзді қосқан. Жалпы, бұл карта сызылмас бұрын Бейжіңге Франциядан ғалымдар шақырылған. Содан кейін оларды батысқа, яғни қазіргі қазақ даласына жіберген. Олар орыстардан да, жергілікті қазақтардан да мәліметтер алып, Бейжіңге барып, осы картаны ең әуелі мәнжүр тілінде сызған. Яғни, 1760 жылы бұл карта мәнжүр және қытай тілдерінде жарық көрген. Жалпы, бұл карта архивте көп жыл құпия сақталған.

– Сонда Өскемен Кеңгір-Тұра, Семей Сэнболот деп аталған болды ғой бұрын.

– Кеңгір-Тұра тарихта болған. Қазір ұмытылғанымен, кезінде атағы жайылған шаһар. Бұған күмән келтіруге болмайды. Қытайдың Әмірсананы қуып келген әскерлерінің қолбасшысының «Кеңгір Тұра орыстың шағын қаласы» деп суреттеуіне қарағанда, Кеңгір-Тұра орыстар бекініс салғаннан кейін де Кеңгір-Тұра деп аталған сияқты. Ол кезде Өскемен деп аталмаған болуы мүмкін. Ал Семейге келсек, Семей көне түркі тіліндегі сүме сөзінен шыққан деп айтылып жүр. Сүме пұтхана деген мағынаны білдіреді. Орыстар Сэнболотті Семпалат деп өзгерте салуы мүмкін. Болот қала, сән сүменің қысқартылған мағынасы болуы мүмкін. Ол жерде кезінде түркілер әртүрлі дінге сенді ғой. Сонда Сэнболот храмды қала, пұтханалар шаһары дегенге келеді. Башқұрттың белгілі қоғам қайраткері Зәки Уәлиди 1941 жылғы картасында Семейді Жеті там деп атаған.

– Кеңгір деген өзен болған дейсіз бе? Мұндай деректі алғаш рет естугіміз.


– Бұл дерек Ренат картасында бар. Ренат Юхан Густав деген шведтің әскери қызметкері 1716-1733 жылдары жоңғарлардың тұтқынында болған кезінде осы қартаны сызған дейді. Жалпы, Ренат Жоңғария мен Шығыс Түркістанның картасын жасаған алғашқы еуропалық. Бір ғажабы, бұл көне карта қазір Швецияда сақтаулы. Айтайын дегенін, осы картада Шығыс Қазақстандағы бірқатар жер-су аты берілген.

Картаға мұқият қарасаңыз, Шүлбі, Үлбі және Бұқтырма өзендерінің ортасында Кеңгер, яғни Кеңгір деген жазуды көресіз. Демек, Өскемен маңында Кеңгір деген өзен болған. Бәлкім, тартылып кеткен, бәлкім, үйінді астында қалған. Осы Ренат картасын зерттеген Алексей Макшеев деген орыс ғалымы Кеңгір өзені Үлбі өзені болуы мүмкін деп жазыпты. Бірақ картада Үлбі Кеңгірдің жоғары жағында тұр. Бұл карта ағылшын саяхатшысы Джон Бадделидің «Ресей, Моңғолия және Қытай» деп аталатын екі томдық монографиясына да енген.

– Елімізде Кеңгір ауылы, Кеңгір өзені деген секілді жер-су атаулары бар екенін білеміз. Ал тұра сөзінің мағынасын көп жұрт біле бермейді. Тұра сөзінің мағынасы қандай?



Ренат картасы. 1716-1733 жылдар шамасында сызылған



Мәнжүрлердің Цяньлун деген патшасы 1760 жылы сыздырған карта

– Тұра деген сөз көне түркі тілінде қорған, қалашық деген мағынаны білдіреді. Осман түріктері тілінде мұнара, бекініс, төртбұрышты ағаш немесе тас құрылыс, ал Сібірдегі хакас, шор қатарлы түркітілдес ұлттар тілінде қала, төртбұрышты үй деген мағына береді. Жалпы, Ертіс өзені сағасындағы қала аттарының соңында тұра сөзі қосарлана жүреді. Тұра туралы түсініктеме қытайдың XVI ғасырда жазылған «Сучжень хуа-и чжи» атты географиялық еңбегінде: «Қоңыраулы мұнара қаланың солтүстік батыс бұрышындағы Цзюшэнь монастырында. Айтуларға қарағанда, осы монастырь ежелгі Батыс Өлкедегі Тұра екен» деген дерек бар. «Мин ши» кітабында: «Тұра (Тула) қытай тілінде Датай (үлкен текшелі ғимарат) деген мағына береді» делінген. XIV ғасыр соңында Батыс Сібірдегі Тобыл

өзенінің бір саласы Тұра өзенінің бойында Чинги-Тұра немесе Чимги-Тұра қаласын астана еткен Шайбан әулетінің билігі орнады. Аталған өзен қаланың атымен Тұра өзені деп аталды. Алтын орда билік еткен тұста Барабин ойпатындағы Омь өзені алқабында Чинги-Тұра (Тюмень), Қызыл-Тұра (Краснояр), Зубар-Тұра, Қысым-Тұра (орысша Девичий город, осы аттас қаладан екеуі бар: бірі Вагайдың Ертіске құяр сағасында, енді бірі Искер қаласының маңында), Жанги-Тұра, Сібір (Искер немесе Қашық) және Тон-Тұра (Томск), сондай-ақ Аба-Тұра (қазіргі Ресейдегі Кузнецк), Қызылжар-Тұра қалаларының болғандығы мәлім.

– Сіз көптен бері көне карталарды зерттеп келесіз. Осы карталарды академиялық тұрғыдан зерттеу ойыңызда бар ма?

– Үш-төрт жыл бұрын ірі жоба жасап, Білім және ғылым министрлігіне ұсынғанмын. Өкінішке қарай олар жобамды түссінбеді ме, кері қайтарды. Бір қызығы, менің жобамнан кейін Қазақстанның киелі жерлерін зерттеу бағдарламасы басталды. Ғылым жолы ауыр жол, ол – кейінгі ұрпаққа рухани байлық жинау жолы. Өкініштісі, еліміз маңызы жоқ, бір мезеттік мән-мағынасыз конференцияларға ақша аямайды. Ал мемлекеттік маңызы бар ғылыми жобаларға келгенде сараңдық танытады. Мысалы, XVII-XIX ғасырлардағы орыс-батыс, еуропалық карталарда қазақ даласының жер аттары орысша аталады, ал осы тұстағы шығыс карталарында (мәнжүр-қытай, жоңғар) қазақ жерлері қазақша аталады. Шоқан еңбектеріндегі қазақ жерлеріне сәйкес келеді. Жер атауларында тарих сақталған. Оған нағыз, өз ісіне жетік білікті мамандар керек, әлемдік ғылымды дәйекті ғылыми тұжырымдармен мойындату керек. Жер аттарының тарихын дәлелдеу тарихи картографиялық, этимологиялық, археологиялық дәлелдерді қажет ете-

КӨНЕ ТАРИХ КӨМБЕСІ

Алып адамдардың мекені

Есте жоқ ескі замандардағы адамзаттың қандай болғаны бүгінгі адамдарды қызықтырады. Олардың болмысы, бітімі туралы да ой шексіз. Мәселен, діни әдебиеттерде Адам пайғамбардың бойының аспанмен таласқан аса биік болғаны, мың жыл өмір сүргені айтылады. Ал халық ауыз әдебиетінде де батырлардың алып болғаны суреттеледі.

ХАМИТ ЕСАМАН,
«Egemen Qazaqstan»

Мифологиялық жазбаларда да ежелгі адамдардың бойының бес метрге дейін барғаны жөнінде мәліметтер бар. Көзбен көрмеген соң мұның бәрін аңызға баласақта, бүгінгі таңда археологтер адамзат үшін әлі де беймәлім көптеген жаңалық ашуда. Адам таңғаларлық жаңалықтар ерте замандағы адамдардың қандай болғаны жөнінде түрлі қорытынды жасауға жетелейді.

Жуырда Жуалы ауданының «Бурнооктябрьское» қалашығынан ежелгі адамның үлкен бассүйегі табылған болатын. Мамандардың айтуынша, бұл адам біздің заманымызға дейін өмір сүрген. Алайда, оның нақты кезеңін бүгінде Украина мемлекетінің ғалымдары арнайы зертханада анықтау үстінде екен. Аталған «Бурнооктябрьское» жайғана көне қалашық емес, ежелгі Баркуаб қаласы болуы да мүмкін деген мамандар бар. Тіпті, оның екі мың жылдан астам тарихы бар Тараз қаласынан да көне екені әрі шаһардан аса ұзақ емес екені айтылады. Жалпы, Баркуаб қаласы туралы мәліметтер араб деректерінде кездеседі. Бұл

қала 1895 жылдан бері зерттеліп келеді. Сонымен қатар әйгілі орыс ғалымы Василий Бартольд өз еңбектерінде Баркуаб қаласы туралы кеңінен толғап, оның тарихи мекен екенін анықтаған.

«Бурнооктябрьское» қалашығынан табылған бұл бассүйек туралы да түрлі болжамдар бар. Археолог Ескендірбек Төребеков бассүйек бұрын Қаңғы көсемінің сарайы болған жерден табылғанын айтады. Тарихи деректерге сүйенсек, кезінде мұнда өмір сүрген халықтың дені егін шаруашылығымен айналысқан. Ал қазба жұмысынан ежелгі адамның үлкен жерден 3500 артефактіні құмның арасынан аршып алған. Жергілікті биліктің жоспары бойынша аталған қалашықты

болашақта туристік орталыққа айналдыру көзделіп отыр екен. Келешекте көне тарихи мекен еліміздің сакралды орындар картасына да енгізілуі мүмкін.

Негізінен Баркуаб қаласындағы қазба жұмыстарының жаңа кезеңі өткен жылы басталған болатын. Қазба жұмыстары барысында бұл жерден тағы да адамның үлкен бассүйегі табылған еді. Тіпті, ғалымдар бұл бассүйекті атақты Кир патшаның бассүйегі болуы да мүмкін деген болашығынан табылған бұл бассүйек туралы да түрлі болжамдар бар. Археолог Ескендірбек Төребеков бассүйек бұрын Қаңғы көсемінің сарайы болған жерден табылғанын айтады. Тарихи деректерге сүйенсек, кезінде мұнда өмір сүрген халықтың дені егін шаруашылығымен айналысқан. Ал қазба жұмысынан ежелгі адамның үлкен жерден 3500 артефактіні құмның арасынан аршып алған. Жергілікті биліктің жоспары бойынша аталған қалашықты

Жамбыл облысы



Мәмен кесенесі: күй тарихымен үндестік

Құрманғазының алдын көрген шәкірттерінің ішінде шортқыты биік тұлғалардың бірі – Мәмен Мұратұлы. 1868 жылы Орал облысына қарасты Жанақала ауданы, Қарасамыр мекенінде дүниеге келген.

Жанақала өлкесі күйшіліктің ұлы мектебі тамыр жайған, домбырашылықты өнердің шыңы деп бағалаған жұрт екендігі баршамызға аян. Мәмен өз қатарластарымен өнер додасына түсуге тартынбаған. Оған дәлел, күй анасы Дина Нұрпейісова мен Мәмен арасындағы күй тартысы ел аузынан аңыз болып жеткен. Мәменнің күйлерін бүгінге дейін жеткізген күйшілеріміз Оқап Қабиғожин мен Қали Жантілеуов, Тұяқберді Шәмеловтің есімдерін атап өтуіміз қажет.

Мәменді күйші ретінде дарап тұратын қасиет – оның күйлеріндегі түр мен мазмұнның тұтастығы. Өуен – сазы мен бітім құрылысы байланысқан, дыбыстың иірімі тыңдаушыны елітетін күйлері тарихта қалған. «Ақшолпан», «Қайғылы қара», «Қаражан ханым» күйлері күйшінің ішкі сезімдерін білдірсе, «Он алтыншы жыл», «Дүрбелен» күйлері елдің басындағы тарихи-әлеуметтік жағдайды суреттейді.

Шілденің 22-жұлдызында жол үстінде келе жатып,

өлкеміздің батағой ақсақалы Ақмырза Батырхайырұлының аузынан Мәменнің «Қайғылы қара» атты күйінің шығу тарихын тыңдадым. Ақмырза ақсақал өз әңгімесінде: «Мәмен аңшылықты жаны сүйген. Бір күні аңшылыққа шығып, сонау төбеден қара белгіні көріп, құс екен деп топшылайды. Мылтығын қолына алып, атып салады. Жақындап қараса, көздейін жеткізген күйшілеріміз Оқап Қабиғожин мен Қали Жантілеуов, Тұяқберді Шәмеловтің есімдерін атап өтуіміз қажет.

Мәменді күйші ретінде дарап тұратын қасиет – оның күйлеріндегі түр мен мазмұнның тұтастығы. Өуен – сазы мен бітім құрылысы байланысқан, дыбыстың иірімі тыңдаушыны елітетін күйлері тарихта қалған. «Ақшолпан», «Қайғылы қара», «Қаражан ханым» күйлері күйшінің ішкі сезімдерін білдірсе, «Он алтыншы жыл», «Дүрбелен» күйлері елдің басындағы тарихи-әлеуметтік жағдайды суреттейді.

көмкерілген құлпытас тұрды. Құлпытаста: «Қарақұнан Тана, Мәмен Мұратұлы (1868-1931)» деп жазылған. Көптеген ғылыми-зерттеу еңбегінде күйшінің тегі «Ералыұлы», «Ерғалиұлы» деп жазылып жүргені баршамызға белгілі. Бүгінгі таңда еңбектерді бір жүйеге келтіріп, күйшінің тегі дұрыс жазылса деген ұсыныс бар. Сонымен қатар өмір сүрген жылдарында қателіктер бар екендігін аңғарамыз.

Мәмен күйшінің жанында халық әртісі Тұяқберді Шәмелов (1951 – 2012) жерленген. Тұяқберді ағамыздың соңғы аманаты – Мәмен күйшінің жанына жерлену болған екен. Мәмен күйлерін насихаттауда Тұяқберді Шәмеловтің еңбегі орасан зор.

Иә, Жанақалаға қадам басып сәтте қазақтың қос перзенті Мәмен мен Тұяқберді кесенесі тарихымыздың қос қанатындай үндестікті білдірді. Бір күйдің тарихы Мәмен әлемімен танысуға жол ашты. Еліміздің жастары ұлт тарихын ұлықтауға, ұлы тұлғаларымызды дәріптеуге жұмылса деген тілегім бар.

ӘДІЛБЕК ӨМІРЗАҚОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

АТЫРАУ



Мәмен мен Тұяқберді күйші кесенесі

ӨСКЕМЕН

Әңгімелескен
Азамат ҚАСЫМ,
«Egemen Qazaqstan»



ҚАЙЫРМДЫЛЫҚ ҚАҒИДАТТАРЫ

«Жылы шұлық» табаныңызды ғана емес, жүрегіңізді жылытады

Ақтөбеде соңғы жылдары «Жылы шұлық» атты қайырымдылық акциясын өткізу тұрақты сипат алып келеді. Бұған «Ақбөбек» қайырымдылық компаниясы бастамашы болып отыр. Бұл қайырымды мен жүрегіңіз жылы мол жандардың қалтадағы қаражатымен емес, көкіректің ізгілігі мен жан байлығынан бастау алатын іс екені анық.

Темір ҚҰСАЙЫН, «Egemen Qazaqstan»

Яғни, акция аясында тоқыма өнерге икемі бар қыз-келіншектердің қолынан шыққан жылы шұлықтар аз қамтылған отбасылардың балаларына беріледі. Аталған рәсім олар қыстан тоңбай, ауырмай, аяқтарынан сыз өтпей шықсын деген ізгі ниетпен ұсынылады. Жас жүректерге жылылық пен мейірім шуағын таратудың бір жолы осы. Бір сүйсінерлік, жыл сайын бұл шараға қолдау көрсеткен қарапайым жандардың қатары көбейіп келеді.

Дәстүрге ене бастаған акция атауы «Жылы шұлық» болғанымен жетім және тұрмысы төмен отбасыларда тәрбиеленіп жүрген балаларға қыс қарсаңында берілетін сыйсыпат тек жылы шұлықпен шектелмейді. Сонымен бірге тоқылған кеудеше, бас киімдер мен қолғаптар да тегін сыйланады. Тіпті қыздар үшін көздің жауын алатындай әдемі көйлектер де тігіледі. Соңғы жылдары жасыл шұлық қайырымдылық акциясы шеңберінде мыңнан астам жас жеткіншекке он миллион теңге көлемінде тегін көмек берілді.

АҚТӨБЕ



БӘРЕКЕЛДІ!

Кореяны көркімен тамсандырған ару

Қарағандының он жеті жастағы ару қызы Айсұлу Ерболова үшін сұлулар сайысында бақ сынау дегеніңіз тансық дүние емес. Ажарына ақыл сай бойжеткен бұған дейін де «Қарағанды аруы» сынды конкурса қатысып, тәжірибе мектебінен өткен.

Қайрат ӘБІЛДА, «Egemen Qazaqstan»

Таяуда ол Оңтүстік Кореяда ұйымдастырылған «Miss World University-2019» атты сұлулық сайысында еліміздің ең көрікті қыздарының намысын қорғап, «Miss National» аталымы бойынша жеңіске жетті.

Сұлулардың аталған сайысына әлемнің 50 елінен үміткерлер қатысып, олар бірнеше кезеңнен тұратын конкурста өзара жарысқа түскен екен. Жалпы, «Miss World University-2019» байқауына жолдама алу үшін сұлулар әуелі өздерінің фотосуреттері мен бейнероликтерін Оңтүстік Кореяға жіберіп, талабы қатаң кастинг бойынша іріктеліп алынған көрінеді.

Ал жерлесіміз Айсұлу Ерболоваға



ОҚИҒА

Бес адамды ажалдан құтқарды

Тілсіз жау – өртен күресте қарағандылық өрт сөндірушілер ерен істерімен көзге түсті. Таяуда олар Майқұдық елді мекеніндегі 17-ші шағын аудандағы үйлердің бірінде және Шахан кентінде болған өрт кезінде бес адамды ажалдан құтқарып, 14 адамды қауіпсіз жерге көшірді.

Қайрат ӘБІЛДА, «Egemen Qazaqstan»

Өрт сөндірушілер келген кезде төртінші қабаттағы екі бөлмелі пәтер от-жалынға оранған болған. Жеке құрамның жедел іс-қимылының арқасында түгін жұтып тұншыққан төрт адам құтқарылып, 10 тұрғын тысқа шығарылды.

– Өрт орнына Қарағанды облыстық ТЖД өрт сөндіру және апаттық-құтқару жұмыстары қызметінің жеке

құрамынан 18 адам барған болатын. Оқиға болған жерде үш автоцистерна және бір автосаты жұмыс істеді. Жеке құрамның сапалы жүргізілген барлау және үйлесімді іс-әрекеттерінің арқасында адамдардың қаза болуына, сонымен қатар оттың таралуына жол берілген жоқ. Өрттің шығуына пәтерде болған адамның іс-әрекеті себепші болған, – деп хабарлады ТЖД баспасөз қызметі.

Дәл осындай өрт оқиғасы

Шахан кентінде де болды. Тұрғын үйдің 2-ші қабатындағы от құшағында қалған пәтерге өрт сөндірушілер – қарауыл бастығы Б.Өтебаев пен бөлімше командирі С.Мархаба автосаты арқылы көтеріліп, ішке енген.

Үй иесі өртеніп жатқан пәтерде болған екен. Ол ас үйде 2-ші деңгейдегі термикальк күйік алып, газдан тұншығып жатқан жерінен табылды. Зардап шегуші есін білген, алайда үрейге бой



алдырып, пәтерінен шыға алмай қалған болса керек. Оны өрт сөндірушілер таза ауаға шығарып, жедел жәрдем бригадасына тапсырды. Сондай-ақ осы үйдің тағы төрт тұрғыны қауіпсіз жерге көшірілді.

Бұл жердегі өрт ұзартқыштың желілік сымның қысқа тұйықталуынан болған көрінеді. Оқиға

орнында жеке құрамның 13 қызметкері жұмыс істеп, 3 бірлік техника жұмылдырылды.

Кәсіби міндеттерін адал атқарып, өз істерінің шын шебері екенін дәлелдеген өрт сөндірушілерге тұрғындар алғыс айтып, ризашылықтарын білдірді.

ҚАРАҒАНДЫ

ҚАЗ ҚАЛПЫНДА

Жаңа жылдағы жаңа леп

Нұрғали ОРАЗ, «Egemen Qazaqstan»

Әдетте біз: «Уақыт өтіп барады!» деуге әуеспіз. Ал шындығында... Жылы жаққа бет алған тырналар секілді бірінен соң бірі тізбектеліп, алысқа ұзап бара жатқан күндермен бірге Өмір де өтіп барады емес пе?!

Ойла-а-п қарасаңыз, ол да бір ұзақ сапар. Және сол сапарда әркімнің-ақ өзіне тән көрер қызығы, тартар тауқыметі бар. Оны біз – Тағдыр дейміз...

Әсілі, қуанышты күндердің салмағы болмайды. Олар зымырап, көзді ашып-жұмғанша-ақ ғайып болады. Ал қиындықпен, уайыммен өтетін күндер жаралы құс сияқты. Қанатын ауырсына қағып, әуірімімен эзер ұшады. Бірақ ол да алыстап, көңіліңізде терең із қалдырып кетеді...

Пендешілікпен күнделікті тірліктің ыңғайына қарайсыз, әрине. Бірде күліп, қуанып, тағы бірде өкініп, өкпелеп жүресіз. Әйтсе де, ұлы мәртебелі Уақыттың көңіл күйге қарап, бір сәтке аялдап, пенде шірінге мұрсат беріп, иілген

кезін көрмейсіз. Қолыңыздағы сағат тілі сыртылдап, сол бағыт жүрісінен жаңылмайды...

Шыны айтқанда, кейде сіздің де осы Уақытты бір минутқа тоқтатып, ес жиып, алдағы күндерге асықпай жоспар құрып алғыңыз келетіні рас. Ендеше, оны етпей алаңдатып, аз да болса көңілің алдандыратын шақты күтпейміз бе?..

Әне, қараңызшы, Ескі жыл қолын бұлғап, қоштасып барады. Ал Жаңа жыл болса, жан-жағына қарап, дүркін-дүркін атылып жатқан отшашуларды көріп, таңырқап келеді.

Демек, тың жоспарлар құрып, күш жинап, алдағы биіктерге көтерілуге әзірлік жасайтын ең қолайлы сәт те осы-дағы.

Олай болса, бір-біріміздің қолымызды қысып: «Ске сәт!» дейік!

Мұның қызығы, күнтізбенің бетінде екі сандық белгі ғана өзгеріп, 2019-дың орнына 2020 деп жазылуына қарай қаншама жаңа бастамалардың өмірге келіп, жарқын үміттердің оянып жататындығында емес пе.

АЛМАТЫ

ШАЙБАЛЫ ХОККЕЙ

Төменгі топқа түсіп қалды

Чехияда өткен жастар арасындағы әлем чемпионатында Қазақстан құрамасы элиталық дивизионда қалу үшін Германия хоккейшілерімен жұбаныш матчын өткізіп, үшінші кездесуде есе жіберді.

Шешуші ойында Сергей Старыгин баптайтын Қазақстан жастар құрамасы германиялық қатарластарынан 0:6 нәтижесімен жеңіліп қалды. Үш ойын қорытындысы бойынша Германия құрамасы 2:1 есебімен жеңіске жетті. Бірінші ойында немістер 4:0 есебімен басым түссе, екінші ойында отандастарымыз 4:1 нәтижесімен қарсыластарынан айласын асырып кеткенді. Ережеге сәйкес, екі ойында жеңіске жеткен Германия құрамасы элиталық дивизионда өз орнын сақтап қалады. Ал Қазақстан құрамасы келесі жылы әлем чемпионатының бірінші дивизионында Беларусь, Дания, Венгрия, Латвия және Норвегия хоккейшілерімен сығна түседі.

Айта кетелік, әлем чемпионатының финалында Ресей құрамасын 4:3 есебімен жеңген Канада хоккейшілері чемпион атанды.

СЕМСЕРЛЕСУ

Бірқатар ірі жарысқа қатысады

Семсерлесуден Қазақстан құрамасы жана маусымдағы жарыстарды бастайды. Қантар айында отандық спортшылар бірнеше ірі байрақты бәсекеге қатысады, деп хабарлады ҰОК баспасөз қызметі.

8-13 қаңтар аралығында Канаданың Монреаль қаласында қылыштасудан ерлер мен әйелдер арасындағы Гран-при турнирі өтеді. Аталған сынға Қазақстан атынан Әйгерім Сарыбай мен Илья Мокрецов қатысады. 9-13 қаңтар күндері Кубаның Гавана қаласында семсерлесуден әйелдер арасындағы әлем кубогы кезеңінің жеңімпаздары анықталады. Аталған сында Ульяна Балаганская сынға түседі. Сондай-ақ 9-13 қаңтар аралығында Германияның Хайденхайм қаласында семсерлесуден ерлер арасындағы әлем кубогы өтеді. Германиядағы бәсекеге Дмитрий Алексанин, Руслан Курбанов, Элмир Әлімжанов, Вадим Шарлаимов, Дмитрий Адайкин және Сертай Ерлік қатысады.

ФУТБОЛ

Спорт директоры тағайындалды

Футболдан ел чемпионатының алты дүркін чемпиондары, елорданың «Астана» футбол клубы кеше команданың жаңа спорт директорын таныстырды.

Клуб баспасөз қызметінің хабарлауынша, «Астананың» спорт директоры болып бұған дейін Қазақстан Футбол федерациясында ұзақ жылдар бойы құрама командалар департаментін басқарған Ғани Қайназаров тағайындалған. «Ғани Әділханұлының футболдағы тәжірибесі өте мол. Ол карьерасында Жамбылдың «Химик», «Тараз», Алматының «Қайрат» және Қазақстан құрамасының намысын қорғаған. Футболшы ретіндегі мансабын аяқтағаннан кейін «Тараз» футбол клубында басшылық қызмет атқарған. Ал осыған дейін спорт директоры қызметін атқарған Нұркен Мазбаев клуб құрылымында жұмысын жалғастыратын болады», делінген хабарламада.

Дайындаған Әли БИТӨРЕ, «Egemen Qazaqstan»

Егер сіз «Egemen Qazaqstan» газетіне жарнама бергіңіз келсе, мына телефондарға хабарласыңыз: Нұр-Сұлтан 37-64-48, 37-60-49. Электронды пошта: advert@egemen.kz, egemen_adv@mail.ru Алматы 273-74-39, ф. 341-08-11. Электронды пошта: adv@egemen.kz

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі ұжымы музей директоры Арыстанбек Мұхамедияұлына анасы **Күлімхан ТӨЛЕНДИЕВАНЫҢ** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Арыстанбек Мұхамедияұлына **АНАСЫНЫҢ** қайтыс болуына байланысты Қазақ ұлттық өнер университеті ұжымының атынан көңіл айтамын. Жатқан жері жайлы, жаны жәннатта болсын. **Айман Мұсахаджаева,** Қазақстанның Еңбек Ері, профессор, Қазақ ұлттық өнер университетінің ректоры

Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының ұжымы Қазақстан Ұлттық музейінің директоры Арыстанбек Мұхамедияұлына анасы **Күлімхан Жүндібайқызы ТӨЛЕНДИЕВАНЫҢ** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып шын ниетпен көңіл айтады. Марқұмның топырағы торқа, жаны жәннатта болсын.

Қ.Байжанов атындағы Қарағанды концерттік бірлестігінің ұжымы Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің директоры Арыстанбек Мұхамедияұлына анасы **Күлімхан Жүндібайқызы ТӨЛЕНДИЕВАНЫҢ** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Маңғыстау облыстық онкологиялық диспансерінің ұжымы «Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу орталығы» АҚ директоры Диляра Радикқызы Қайдароваға қайын атасы **Рүстем Есімханұлы ҚАЙДАРОВТЫҢ** қайғылы қазаға ұшырауына байланысты орны толмас ауыр қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

«ҚазТрансГаз» АҚ басшылығы мен ұжымы қызметкерлерді басқару департаменті директорының орынбасары Ардақ Мұратқызы Балтаеваға анасы **Гүлнар ТАУКЕШҚЫЗЫНЫҢ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты ауыр қайғысына ортақтасып көңіл айтады. Марқұмның топырағы торқа, жаны жәннатта болсын.

«Egemen Qazaqstan» республикалық газеті» АҚ ұжымы басшылығының бұрынғы қызметкері Ләйла Тілеубаеваға әкесі **ЕДІЛДІН** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

EGEMEN QAZAQSTAN

Жалпыұлттық республикалық газет. 1919 жылғы 17 желтоқсанның шыға бастады. МЕНШІК ИЕСІ: «Egemen Qazaqstan» республикалық газеті» акционерлік қоғамы. Басқарма төрағасы Дархан ҚЫДЫРӨЛІ. Басқарма төрағасының орынбасары – бас редактор Айбын ШАҒАЛАҚ. Басқарма төрағасының орынбасары Ерболат ҚАЙМЕН. Бас редактордың орынбасарлары Ғабит ІСКЕНДЕРҰЛЫ, Думан АНАШ, Талғат БАТЫРХАН. Жауапты хатшы Самат МҰСА.

Саясат және құқық бөлімі Жолдыбай БАЗАР. Экономика бөлімі Арнұр АҚСАР. Мәдениет және руханият бөлімі Мирас АСАН. Әдебиет және өнер бөлімі Ерлан ЖҰНІС. Интернет-редакция бөлімі Сериқазы КӨКЕНАЙ. МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР: Нұр-Сұлтан – astana@egemen.kz Ақтөбе – manqyslau@egemen.kz Талдықорған – tsu@egemen.kz Атырау – atyrau@egemen.kz Көкшетау – kkshe@egemen.kz Қарағанды – qaragandy@egemen.kz Қызылорда – qyzylorda@egemen.kz Қостанай – qostanai@egemen.kz Орал – orol@egemen.kz Өскемен – shyys@egemen.kz Павлодар – pavlodar@egemen.kz Тараз – taraz@egemen.kz Шымкент – oqob@egemen.kz Петропавл – sqo@egemen.kz

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: 010008 Нұр-Сұлтан, «Egemen Qazaqstan» газеті» көшесі, 5/13 050010 АЛМАТЫ, Абылай хан даңғылы, 58а. АНЫҚТАМА ҮШІН: Нұр-Сұлтан: АТС 37-65-27, факс 8 (7172) 37-19-87; Алматы: АТС 37-65-27, факс 8 (7172) 37-19-87; Интернет-редакция: portal@egemen.kz Алматы: 8 (727) 273-07-87, факс 8 (727) 273-07-87. Электронды пошта: info@egemen.kz Алматыда: 8 (7172) 37-60-49, 37-64-48, advert@egemen.kz, egemen_adv@mail.ru Алматыда: 8 (727) 273-74-39, факс – 273-07-26, adv@egemen.kz

Индекс 65392. Аттасына 5 рет шығады. «Egemen Qazaqstan» республикалық газеті» АҚ компьютер орталығында теріліп, беттелді. Көлемі 4 баспа табақ. Нөмірдегі суреттердің сапасына редакция жауап береді. «Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Газетті өсетке қою туралы №014 күнделік 2018 жылғы 23 сәуірде Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрінің Ақпарат комитеті берген. «Egemen Qazaqstan» жалпыұлттық республикалық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 Сапа менеджменті жүйесі. Тапалтар тапалтарына сәйкес сертификатталған. ISSN 1999-9720. 9 771999 972005. Нөмірдің көзекші редакторы Манғұл СҮЛТАН.